e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

18 сәуір 2018 ж. сәрсенбі №45 (18693)

ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

Ғылым мен техника жолында

Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Қаламызда робототехника және автоматикадан облыстық «Ғылым және техника» фестивалі өтті. Аталмыш ауқымды іс-шара «ҚазРоботикс қазақстандық білім беру және спорттық робототехника федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігінің қолдауымен, облыстық білім басқармасы және М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетінің ұйымдастыруымен өтті. Фестиваль өңірімізде осымен үшінші рет өтіп, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» жобасын жүзеге асыру мақсатында жүзеге асты.

Шараға облысымыздың мектептері, колледждері мен ЖОО-нан барлығы 120-ға жуық қатысушы жиналды. Дода бағдарламасы спорттық робототехника, 3D модельдеуі бойынша олимпиада, ғылыми-зерттеу жобаларының байқауы және «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасына байланысты техникалық шығармашылық және модельдеу бөлімдері көрмесін қамтыды.

2-бет.

КӨКТЕМНІҢ КҮНІ –ЖЫЛҒА АЗЫҚ

Аялай білсе, жер жомарт

Әлібек ЫБЫРАЙ

Тобыл өңірінде науқандық жұмыстарға әзірлік барысы қыза түсті. Дән сіңіруге тиісті барлық техника жөнделіп, сапқа қойылды. Облыстық ауылшаруашылық басқармасы берген мәліметтерге сүйенсек, биыл барлығы 5 миллионнан астам гектар алқапқа егін егіледі.

Дегенмен, жылдан жылға бидай алқаптарының көлемі азайтылып келеді. Мәселен, үстіміздегі жылы барлығы 3 млн 487 мың гектарға бидай тұқымы себіледі. Керісінше, арпа егілетін алқап 32 мың гектарға ұлғайған. Бұршақ тұқымдас дақылдар да 32 мың гектарға, қарақұмық алқабы 1,4 мың гектарға артты. Майлы дақылдардың көлемі 444,3 мың гектарға өскен. Бұл жер емген шаруалар үшін өте тиімді дейді мамандар. Өйткені, қазіргі нарықта бидай бағасынан гөрі майлы дақылдарға деген сұраныс зор. Оның үстіне олардың өзіндік құны екі-үш есе жоғары. Диқандарды толғантқан ендігі бір мәселе, ол топырақтың құнарын арттыру. Онсыз мол өнім алам деу әбестік. Мемлекет те бұған мүдделі. Сол үшін жыл сайын Үкімет тарапынан бөлінетін демеуқаржы көлемін ұлғайтып, жермен жұмыс істей алатын кәсіпкерлерді қолдап отыруды ұмытқан емес.

Біздің облыс жағдайында шаруалар биыл 22 мың тонна минералды тыңайтқыш сатып алуды көздеп отыр. Бүгінгі күннің өзінде оның 14 мың тоннасын сатып алуға келісім-шарт жасалған.

2-бет.

Аялай білсе, жер жомарт

1-бет.

Тағы 7 мың тонна тыңайтқыштың ақшасы төленді. 4,7 мың тоннасы жақын арада астықты өңірге жеткізілмек. Бұған барлығы 1 млрд 177 млн теңге субсидия бөлініпті.

Егіс жұмыстарына минералды тыңайтқыштардың көмегі зор. Өйткені, жыл озған сайын топырақтың құрамындағы қарашірік азайып барады. Мәселен, соңғы он жылдың бедерінде оның проценттік мөлшері 3,3%-ке әрең жеткен. Ал норма бойынша ол 3,5-4% болуы тиіс.

Облыстағы егістік алқаптарындағы зерттелген топырақтың 55%-і жеңіл гидролизді азоттың төмендегенін, ал 36%-інде фосфордың жылжымалы формасы кеміп кеткен. Бұл тенденцияны шұғыл өзгерту үшін минералдық және органикалық тыңайтқыштар көлемін арттыру қажет.

Соңғы жылдары елімізде алқаптарды тамшылатып суару белсенді жүзеге аса бастады. Осы арқылы ауылшаруашылық өндірісін жандандыру көзделген. Сондықтан Ислам даму банкі мен Еуразия қайта құрылымдау және даму банкі жеңілдетілген несие бөлініп отыр.

Біздің облысқа көршілес Солтүстік Қазақстан облысы суармалы алқаптарды 28 мың гектарға, Ақмолада 44 мыңға, Ақтөбеде 76 мың гектарға ұлғайтқан. Тобыл өңірінде бұл жұмыс әзірге қолға алынған жоқ.

– Облыста Тобыл, Әйет, Желқуар өзендерінің айналасындағы алқаптардың мүмкіндігі зор. Бұл Қамысты, Жітіқара, Денисов, Таран, Қостанай, Меңдіқара аудандары мен Арқалық қаласы үшін өте маңызды. Мәселен, Қамысты ауданындағы Борис Князев басқаратын «Алтынсарин» ЖШС-ін алыңыз. Айдалада, сусыз жерде орналасқан шаруашылық қолдан қазылған қазандықтан су құбырын тарту арқылы жем-шөп өсіруге 250 гектар тамшылатып суаратын алқапты кәдеге жаратып отыр. Аудан, қала әкімдері осы мәселені жан-жақты зерттеп, жақын арада облыстық ауылшаруашылық басқармасына өз ұсыныстарын жіберуі тиіс. Өйткені, тамшылатып суару тәсілі біздің өңір үшін аса қажет технологиялардың бірі, – дейді облыс әкімінің бірінші орынбасары Ғауез Нұрмұхамбетов.

Ғ.Нұрмұхамбетовтің сөзінше, техникалардың көктемгі егіске әзірлігінің төмендігінен дән сіңіру жұмыстары кешеуілдеп қалады. Көптеген техникалардың тозығы жеткен, жиі бұзылады. Бүгінгі таңда облыста 24 мың трактордың жиырма мыңдайы немесе 83%-і көнерген. Облыс әкімінің бірінші орынбасары аудан, қала әкімдеріне қолда бар техникаларды көктемгі дала жұмыстары басталғанша әзірлеп, жыл сайын техника паркін кемінде 4-5%-ке жаңалап отыру қажеттігін қадап тапсырды.

Биыл науқандық жұмыстарға 71 мың тонна дизельдік отын бөлінді. Оның 1 литрге шаққандағы құны 151,5 теңгеден айналады. Бұл үлкен жәрдем. Әйтпесе, бөлшек саудада жанар-жағармайдың бір литрі 167 теңге. Шаруашылықтар сұйық отын бағасын уақытылы төлеп, дер кезінде тасып алғаны жөн. Мұны аудан, қала басшылары қатаң бақылауда ұстамақ.

Үстіміздегі жылы облыстың ауылшаруашылық саласын дамытуға мемлекет 27,3 млрд теңге субсидия бөлді. Оның 10,9 млрд теңгесі өсімдік шаруашылығына, 5,3 млрд теңгесі мал шаруашылығына, басқа мақсатқа 11,1 млрд теңге қаржы қарастырылған. Ауылшаруашылық мақсатына бөлінген барлық қаржы-қаражат «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы жүзеге асырылады. Өткен үш айдың бедерінде 3,8 млрд теңгеге бағаланған 106 өтініш қанағаттандырылыпты. Бұл жылдағыдан екі есеге артық. Бұл мақсатқа 6 млрд теңге бөлінген.

Ауылшаруашылық тауар өндірушілері екінші деңгейлі банктер мен шағын несие ұйымдарының да қызметін пайдалануы тиіс. Жалпы, көктемгі егіс жұмыстарын тыңғылықты атқару үшін облыста барлық материалдық-техникалық және қаржылық ресурстар бар.

Ғылым мен техника жолында

1-бет.

Спорттық робототехникада сайыс 3 лига бойынша өтті. Біріншісінде, осы салаға алғаш келген балалардың жұмыстары сумо, кегельринг және сызықтағы жарыс арқылы бағаланса, ал қалған 2 лигада түрлі жарыстарда тәжірибесі бар жас өнертапқыштар сайысқа түсті. Олардың алдына биатлон және роботтардың эстафетасы, лабиринттен шығу және жүретін роботтардың сумосы деңгейлерінен өту мақсаты қойылды. Балаларға осы жерде роботтарын құрастырып, олардың қызметін бақылауға 2 сағат берілді. Түрлі спорттық робот ойындары арқылы берілетін жаңа техникалық оқытудың бұл әдістері әлдеқайда тиімді әрі қызықты екеніне көзіміз жетті.

– Оқу орнымызда робототехниканы дамытып жатырмыз, – дейді университеттің инженерлік-технологиялық факультетінің оқытушысы және байқаудың әділқазы мүшесі Денис Комаров. – Келесі жылы «Өнеркәсіптік автоматтандыру және робототехника» атауымен бөлек білім траекториясын «Автоматтандыру және басқару» және «Машина құрастыру» атты екі мамандық аясында жүзеге асырмақпыз. Бұл бағытта біз заманауи кәсіпорындармен, яғни, «Евраз Каспиан Сталь» және «СарыАркаАвтоПром» жауапкершілігі шектеулі серіктестерімен ынтымақтастық құратын боламыз.

– Бүгінде «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы Қостанай облысында жақсы жүзеге асырылуда. Үстіміздегі жылы өңіріміздің барлық қалалары мен аудандарындағы мектептерде 21 робототехника кабинеті ашылды. Онда осы саламен айналысатын балалардың барлығы қамтылған. Бұл кабинеттердің ашылуы болашақта еліміздің дамуына үлес қосатын инженер, IT-технология

бағытында жұмыс істейтін мамандарды шығаруға көп септігін тигізеді, – деді Қостанай облысы білім басқармасы басшысының орынбасары Гүлнар Укина.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев әрдайым Жолдауларында, халыққа үндеулерінде, мақалаларында робототехниканы, цифрлық технологияларды дамытуды дұрыс жолға қою керек екендігін айтып отырады. Осы жылы робототехника мен киберспортты дамытатын үйлестіру кеңесі құрылған екен. Мұндай іс-шаралардың мақсаты – балалардың техникалық, инженерлік салаларға қызығушылығын арттыру, – дейді оқу орнының қоғаммен байланыс бөлімінің маманы Ботагөз Ілиясова.

Бүгінде жасөспірімдерді дамытудың жолы көп. Бір роботтың өзінде амалдар жетіп артылады. Өмір ағымынан қалып қоймау керек. Жарыс 7 кезеңнен тұрады. Қатысушылар электронды құрылғыларын қазылардың көз алдында бөлшектеп, бағдарламаларын ағытып, қайта құрастыруы тиіс. Тапсырмалар кезең-кезеңімен күрделене берді. Жасөспірім өнертапқыштар жасаған жобалар ғылым мен техниканы ұштастырып, тұрмысты жеңілдетуге бағытталған. Олар құрастырған үлгілер «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының барлық бағыттарын қамтиды.

– Біздің шараларымызға қатысқан балалар саны 2016 жылы 400 болса, былтыр 1300-ге көбейді. Биыл үш мыңдай қатысушы тізімге кіріп отыр. Екі күндік фестиваль аясында студент жастардың инженерлік қабілеттері үш өлшемді модельдеу олимпиадасында сарапқа салынды. Үздік шыққандар республикалық байқауға жолдама алды, – дейді «Қазроботикс» федерациясының президенті Айжан Жекеева.

Сайыстың жабылу кешінде аталмыш саладағы үздіктер және жетекшілер марапатталып, жалпы командалық есепте жүлделі орындарға ие болған командалар анықталды. Үшінші орынды «Роботикс» жеке мектебі иеленсе, екінші орынды Горький атындағы гимназия олжалады. «Озат» дарынды балалар мектебі жүлделі 1 орынды алды. Сайыста жеңімпаз атанған балалар қазан айында Петропавл қаласында өтетін республикалық сайысқа жолдама алды.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЖАС ҰРПАҚ

Ізденіс ізгілікке жетелейді

Айтолқын АЙҚАДАМОВА

ҚИнЭУ-де X-халықаралық «Дулатов оқулары – 2018» ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Осы жылы конференцияның басты тақырыбы – «Болашаққа ғылыми көзқарас – қоғамдық сананың жаңғыру тәсілі ретінде» болды.

Конференция ұйымдастырушылары, М. Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті аталмыш іс-шараны мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының бір жылдығына және Қазақстандағы ғылым қызметкерлері күніне орайластырды.

Іс-шараға арнайы келіп қана емес, сондай-ақ қашықтықтан да қатысу мүмкіндіктері қарастырылды. Конференцияға қатысуға қазақстандық және шетелдік жоғарғы оқу орындарының ғалымдары, педагогтары, аспиранттары мен магистранттары өтініш жіберген. Жалпы есепте 95 баяндама қабылданып, 8 баяндама «Дулатов оқуларында» тыңдалды.

– 2004 жылы біздің университетке қоғам қайраткері, жазушы Міржақып Дулатовтың есімі берілген болатын. Дәл сол кезде «Дулатов оқулары» конференциясын ұйымдастыру ойға келді – дейді, ҚИнЭУ проректоры Николай Баганов. – Бастапқыда іс-шара қалалық және облыстық деңгейде өткізілетін, 2008 жылы бірінші рет ғылыми-тәжірибелік конференция халықаралық деңгейде өтті. «Дулатов оқулары» сол уақыттан бері жыл сайын өткізіліп, шетелдік әріптестерімізбен тығыз қарым-қатынас жүргізіп келеміз. Соңғы жылдары конференцияға қатысушылардың саны артып, ТМД, Еуропа мемлекеттерінен, тіпті Қытайдан да келушілер бар.

Конференция салтанатты ашылу, пленарлық отырыс, баяндамаларды талқылау және пікір алмасу, кейін секциялардағы жұмыспен жалғасын тапты. Түрлі

бағыттағы баяндамалардың арасында негізгі тақырып «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы.

– Конференцияға қатысу үшін Астана мен Жезқазған қалаларының жас ғалымдары да келді. Бұл ғылым әлеміне деген алғашқы әрі маңызды қадам. Осындай конференциялар арқылы болашақта ғылыми-тәжірибе жинап, икемделіп, жаңа идеялар мен шабыттарға ие болады. Облысымыздағы, қаламыз бен еліміздегі ғылымды дамытуға қосар үлес те көп. Барлық баяндамалар мен мақалалар «Наука» журналының арнайы санына кіреді, – дейді қоғаммен байланыс бөлімінің маманы Ботагөз Ілиясова.

МЕРЕЙТОЙ

Еңбегі елге мәлім

Н.Ахметбеков атындағы мәдениет үйінде Жанкелдин ауданының Құрметті азаматы Кәкімжан Кәрбозұлының 80 жас мерейтойының құрметіне арналған тағылымды кездесу кеші ұйымдастырылды.

Кеш тізгінін қолына алған ақын Айбек Қалиев мерейтой иесінің елеулі еңбектері мен жеткен жетістіктеріне қысқаша шолу жасады. Республикалық, халықаралық ақындар айтысының жүлдегері Тоба Өтепбаев кеш егесіне деген тілегін жүректен шыққан арнау жырымен жеткізді. Мерейлі кешке алыс-жақыннан келген мәртебелі меймандар ағынан жарылып, Кәкімжан әкеміздің қажырлы еңбегін тілге тиек етті. Солардың бірі – Астана қаласының тұрғыны, кезінде совхоз директоры болып абыройлы қызмет істеген Кәрімжан Бекболатов.

– Кәкімжан Көлқамыс үшін бар күш-жігерін жұмсады. Үдере көшкелі отырған елді тоқтатып, қолынан келген істі жасады. Олардың жағдайларын жасап, азын-аулақ малмен қамтыды. Күнкөріс деңгейі төмен тұрғындардың әлеуметтік жағдайын көтерді.

Нәтижесінде бірнеше ордендерді омырауына тақты. Бұл елге деген еңбегінің нәтижесі, – деп сөзін қорытындылады.

Келесі кезекте облыс әкімінің аманатын жеткізген облыстық ауылшаруашылық басқармасының басшысы Дархан Әбдікәрімов алғыс хат табыстап, иығына шапан, астына ат мінгізді. Аудан әкімі Шота Оспанов 80 жасқа толған ел ағасының игілікті ісі көпке үлгі болатындығын айтты.

– Кеңес үкіметі тарап, біраз елді мекен қаңырап бос қалды. Құлдырау кезең жекешелендіруге әкеп соқты. Сол тұста қазіргі Көлқамыс ауылы болашағы жоқ бөлімше болды. Саусақпен санарлық отбасы қалды. Намысқа тырысқан Кәкімжан ақсақал жоқтан бар жасап, ілгері талпынды. Жинақтаған мол тәжірибесін қолданды. Алғашқы болып шаруа қожалығын ашқан да осы кісі болатын. "Сыма-К" шаруа қожалығын құрып, азғантай ауыл халқын жұмысқа тартты. Еңбекақыларына қой-ешкі, сиыр, жылқы беріп малдандырды. Мерейлі 80 жасыңыз құтты болсын! Алла зор денсаулық берсін. Әлі де ел игілігіне қызмет жасайды деп сенемін. Сондықтан иығыңызға шапан жауып, ат мінгізуді жөн санадық, – деп салтанатты түрде табыстады.

Арқалық қаласының әкімі Амантай Балғарин бастап келген делегация құттықтауларын жолдап, Кәкімжан Кәрбозұлына "Арқалық қаласының Құрметті азаматы" деген атақ беріп, омырауына медаль тақты.

Көршілес Аманкелді ауданының әкімі Нұржан Өтегенов те сый-құрмет көрсетті. Аманкелді мен Жанкелдин ауданының ардагерлер кеңесінің төрағалары Кәкімжан ақсақал хақында теберіне сөз сөйлеп, өнегелі ісін кейінгі жас буын өкілдеріне насихаттады. Сонымен қатар, еңбек ардагеріне лайықты сый-сыяпат тапсырды. Аудандық мәдениет үйінің және Б.Хамзин атындағы өнер мектебінің ұжымы тағылымды кешті әсем әнмен әрледі. Кәкімжан ақсақалдың балалары сахна төріне шығып, ізгі тілектерін айтып, мерейтой иесіне сый жасады.

"Жанкелдин ауданы мен Арқалық қаласының Құрметті азаматы", "Еңбек ардагері" Кәкімжан Кәрбозұлы:

– Мен халқыма, еліме өте ризамын. Азды-көпті жасаған еңбегімді елеп-ескеріп, қуанышқа бөледіңіздер. Облыс, аудан, қала басшылығына ризашылығымды білдіремін. Мен өзім үшін емес, елімнің ертеңі үшін қызмет қылдым. Торғайдың болашағына алаңдадым. Болмаса мен де ел қатарлы көшіп, күн көруіме болатын еді. Оған арым жібермеді. Екіншіден, марқұм анамның айтқан ақылы мен өсиеті мені көзі ашық, көкірегі ояу азамат етіп тәрбиеледі. "Балам, өзге елде сұлтан болу оңай. Сен кіндік қаның тамған, бар балалық шағың өткен киелі туған жеріңді тастап кетсең, сұлтандығың кімге керек? Оданда туған жеріне туыңды тігіп, ауылыңның түтінін түзу шығарсаң одан асқан бақыт бар ма?!", – деп айтқан сөзі әлі күнге жадымда сақталып келеді. Осындай дәрежеге жетуім бірінші, анамның арқасы. Екіншіден, Құдай қосқан жан-жарым Гүлназияның арқасы. Маған бар мейірімі мен қамқорлығын сыйлады. Қиналғанда мұңымды, ашуланғанда сырымды бөлісті. Бала тәрбиесінде жүріп, дала шаруасына көмектесті. Сүрінгенде демеу болып, құлағанда қолтығымнан демеді. Арқа сүйер адал жарым болды. Егер тірі жүргенде, бүгін осы сахнада жанымда жадырап отыратын еді. Бірақ, ғұмыры қысқа болды. Мүмкін тағдырдың жазуы шығар. Көз жұмар алдында мен көрмеген қызық пен жасамаған жасымды Кәкімжаныма берсін деген шығар. Алла алдынан жарылқасын. Мен баршаңызға шексіз алғысымды білдіремін. Мен көрген тауқыметті емес, жасымды сіздерге берсін.

Шындығында, шалғайдағы шатқаяқтап тұрған ауылды гүлдендіріп, түрлендіріп, кішігірім шаһарға айналдырған Кәкімжан әкеміздің еңбегі зор. Арқалық қаласы әкімінің орынбасары Түбекбай Ғабсалықұлы айтқандай, бұл кісінің еңбегін бір күн айтып, бір томдық кітапқа сыйдыру мүмкін емес.

Байбатыр НИЯЗБЕКҰЛЫ.
Жанкелдин ауданы.

ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДА

Қазақстан – татулық пен келісім мекені

Қымбат ДОСЖАНОВА

Қытайдың Шэньси провинциясы Сиань қаласында 9-12 сәуір аралығында Шанхай ынтымақтастық ұйымы елдерінің алғашқы ұлттық форумы өтті. Іс-шараға еліміздің атынан Қазақстанның азаматтық альянсының өкілдері барып, қатысып келді. Қазақстандық делегацияның құрамында Қостанай облысындағы "ГрИн" азаматтық альянсының жетекшісі Динара Өтебаева болды.

Форумның қатысушылары "Адамзатты бейбітшілік пен ынтымақтастық қарым-қатынасқа үндеу – қоғамдық ұйымдардың миссиясы" тақырыбында пікір алмасты. Еркін пікір алаңында қазақстандықтар белсенділігімен көзге түсті. Ел делегациясының модераторы Бақыт Сыздықова сөз сөйлеп, көршілес елдердің төл мәдениеттеріне сыйластықпен қарап, гуманитарлық алыс-берісті жандандыру керектігін айтты. Қостанайлық Динара Өтебаева Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасуы туралы баяндады. "Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Елбасы ядролық қарудан бас тартып, бейбітшілік жолын таңдады. Сенім және келісім біздің еліміздің басты артықшылығы болды. Осындай ұстанымның арқасында Қазақстан халқының татулығы арта түсті", – деді Д.Өтебаева өз баяндамасында.

Форумның жабылуында аспан асты елін мойындатқан жезтаңдай әнші Димаш Құдайбергеннің өнері сөз болды. Димаштың өнеріне бас иген қытай жастары былтыр Астанаға саяхат жасап, "ЭКСПО-2017" көрмесіне қатысқан.

Халықаралық іс-шараның қорытындысында Сиань Декларациясы қабылданды. Аталған құжат ШЫҰ Саммитіне ұсыныс ретінде жіберілмек.

РУХАНИ ҚАЗЫНА

Елбасы кітабы таныстырылды

Қ.Жармағанбетов атындағы орталық кітапханада Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Тәуелсіздік дәуірі" атты кітабының тұсаукесер рәсімі болды. Оған аудан әкімі Шота Оспанов, аудандық мәслихаттың хатшысы Серік Нұрғазин, "Нұр Отан" Партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ғабит Сүндетбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қарсақбай Бірмағанбетов, аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Роза Қабдуалиева және аудандық мәслихаттың депутаттары қатысты.

Аудандық кітапхана қызметкері Венера Батырова кітап жөнінде қысқаша мағлұмат берді. Ал, №2 Токин сайлау округі бойынша аудандық мәслихаттың депутаты Гүлім Ысмағұл аталмыш кітапта айтылған ең басты құндылықтарға тоқталып, осы жолдағы Елбасының сарабдал саясатының арқасында жеткен жетістіктер жөнінде әңгімеледі. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қарсақбай Бірмағанбетұлы кітапта жазылған құнды дүниелерді жастарға кеңінен насихаттап, түсіндіру жұмыстары жүргізілсе деген ұсынысын білдірді. Дөңгелек үстел басына жиналған билік өкілдері және халық қалаулылары пікірлерін айтып, "Тәуелсіздік дәуірі" атты кітап ел тәуелсіздігінің тарихи шежіресі деп ой түйіндеді. Аудан басшысы Шота Сәбитбекұлы кітаптың маңыздылығы мен мазмұнына зерделі ой жүгіртіп, алдағы уақытта барлық мектептерді аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жауапты басшылыққа тапсырды.

Байбатыр АХМЕТБЕКОВ.
Жанкелдин ауданы.

КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

Қоқыс та кәдеге асады

Қымбат ДОСЖАНОВА

Қостанайлық заңгер жан Андрей Зелевский "Бастау бизнес" жобасы аясында қоқыс қалдықтарын өңдейтін цех ашып алды. Ерекше бизнесті былтырғы жылдың қараша айында бастаған. Бүгінде қолға алған ісін одан әрі кеңейткісі келеді.

Көзі қарақты оқырман үшін Андрей Зелевскийдің есімі таныс деп ойлаймыз. Өйткені, кейіпкеріміздің тағдыры, отбасы туралы 2015 жылы газетімізге жазған едік. Андрей көру қабілеті бойынша мүгедек. Оның жұбайы Светлана да мүмкіндігі шектеулі жан. Ерлі-зайыптылар екеуі де спортпен шұғылданады. Бірі шаңғы спорты, жүзу, жеңіл атлетикамен айналысса, екіншісі пауэрлифтингке жақын. Тағдыр қосқан екеудің Дарья есімді қыздары бар.

Спорттағы жетістігімен көзге түсіп жүрген Андрей Зелевский былтыр жаңа істі қолға алды. "Атамекен" кәсіпкерлер палатасының "Бизнес кеңесші" оқыту курсын тәмамдап, одан кейін "Бастау бизнес" жобасына қатысады. Кәсіпкерліктің қыр-сырымен танысқан соң "Болашаққа қадам" республикалық бизнес-жобалар байқауында бақ сынап көріп еді, жеңімпаз атанды. Осылайша, өзі ұсынған жобаны іске асыру үшін мемлекеттік грантты ұтып алды.

– Мен өзім жаңадан іс бастап, бір кәсіппен айналысқым келді. Ал банктер мүгедектерге несие бермейді. Сондықтан республикалық байқауға қатыстым. Сайыстың бір ерекшелігі, жеңімпаздың жүлдесі қаржылай берілмейді екен. Оның орнына бизнесіңізге тиімді құрылғыны таңдап аласыз. Мұндай қолдау мен үшін ауадай қажет еді. Техникалық сауаты бар таныстарымның ақыл-кеңесі бойынша, канадалық технология бойынша Ресейде жасалған құрылғыны таңдадым. Күн сайын 100 килограм қоқысты өңдейміз, – дейді Андрей Зелевский.

Еңбекқор жанның өңдеу цехында екі адам жұмыс істейді. Болашақта кәсібін кеңейтуді жоспарлап отыр. Тұрмыстық қалдықтарды жинап, ұсақтау жұмыстарын одан әрі дамытып, шикізатты еріту ісіне көшкісі келеді. Қазіргі күні осы мақсатта қосымша грант алу ісіне кірісті. Андрейдің тағы бір арманы – заңгер жандардың жолда жүруіне жағдай жасау.

КЕМЕЛ КЕЛЕШЕККЕ

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру»

«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

Міне, Тәуелсіз Қазақстанның рухани жаңғыру жолына түскеніне бір жыл өтті. Осыған орай Астанадағы ҚР Ұлттық музейінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының бір жылдығына арналған есеп беру жиыны ұйымдастырылды. Шара аясында әрбір жобаның нәтижесі бойынша арнайы стендтер қойылып, атқарылған жұмыстың қорытындысы жарияланған. Бұл шараға аймақтардан арнайы делегациялар келіп қатысты.

ҚР Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Аида Балаеваның айтуынша, жиналыстың басты мақсаты – өткен бір жылдың ішінде атқарылған жұмысты талқылап қана қоймай, оны ары қарай тиімді жалғастыру.

– Әрбір бағытта атқарылған жұмыстың нәтижесін тыңдап, одан кейін осы жерде ашық әңгіме жасауымыз қажет. Өйткені, әрқайсыңыздың керемет ұсыныстарыңыз бен ойда жүрген жақсы жобаларыңыз бар. Осы рухани жаңғыруды ары қарай халыққа қалай жеткіземіз? Себебі, бағдарламаға еліміздің әрбір азаматы қатысса ғана нәтижесі тиімді болмақ. Осыны Елбасы да үнемі айтып отырады. Сондықтан, алда жұмыс көп. Бағдарламаны барынша қызықты ету керек. Ең бастысы, нәтиже бар. Енді, осының бәрін ары қарай елге жеткізу сіз бен біздің басты мақсатымыз деп білемін, – деп атап көрсетті А.Балаева.

Сондай-ақ, бөлім меңгерушісі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруда журналистердің еңбегі ерекше екендігін айтты.

– Шынында, бағдарламаның әрбір жобасы бөлек мемлекеттік бағдарламаға сай келеді. Соның бәріне халық белсенді атсалысып отыр. Осы орайда бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне жеке алғысымды білдіргім келеді. Өйткені, сыни материалдардың өзі біз үшін үлкен әдістемелік құрал сияқты болды. Біз өз жұмысымызды жандандырып, оны басқа бағытта дұрыстап жасауға тырыстық. Әрбір жобаның мазмұнын ашып, халыққа жеткізу жағынан сіздердің еңбектеріңіз зор, – деді А.Балаева.

«ЖАҺАНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ»

ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Ақтоты Райымқұлова бағдарлама аясындағы «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасында көзделген шараларды баяндады. Оның айтуынша, бұл жоба еліміздің мәдениеті мен руханиятын жер жүзіне таныстырып, әлемдік деңгейден өз орнын табуға мүмкіндік бермек.

– Былтыр ЮНЕСКО-ның Парижде-гі штаб-пәтерінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының тұсауы кесілген. Айтулы жоба екі кезеңнен тұрады. Біріншісі, ұлттық құндылығы мол шығармаларды іріктеп, үздіктерін анықтау. Екіншісі, оларды шет мемлекеттерге насихаттау. Қазір алғашқы кезең аяқталды. Төрт бағытта 500-ге жуық озық туынды сараптаудан өтті. Бұл үшін еліміздегі шығармашылық ұйымдармен бірлесіп жұмыс істедік. Сондай-ақ, ең үздік ұжымнан құрылған солистеріміз гастрольдік сапармен 50-ге жуық елді аралап, шетелдік көрермендердің ықыласына бөленді. Сонымен қатар, өзге мемлекеттерде қазақ әдебиетінің орталықтары ашылды, – деді вице-министр.

«ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН»

Жиында «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығының басшысы Берік Әбдіғалиұлы да сөз алды. Ол аталмыш орталықтың бір жылдық жұмысын қорытындылады.

– Ең біріншіден, біз бір жылдың ішінде қазақ жерінің киелі де қастерлі, қасіретті де әулиелі жерлерінің тізімін анықтадық. Киелі жерге тағзым ету, барып дұға оқу, түнеу – ата-бабамыздан келе жатқан ізгі дәстүр. Киелі жерлеріміздің бәрін түгендеп, тұңғыш рет олардың ортақ картасын жасап жатырмыз. Сондықтан, ең біріншіден, ол жерлердің тізімін анықтау әсте оңайға түскен жоқ. Ол үшін бүкіл аймақтарды араладық. Басты талабымыздың бірі – халықтың бұл жерлерді өзі анықтайтындай жұмыс жүргізу еді. Сондықтан, әрбір өлкеде өлкетанушылар мен ақсақалдар, зиялы қауым өкілдерінің бірігуімен облыстық комиссиялар құрылды. «Қасиетті Қазақстан» орталығында Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен сараптамалық комиссия құрылды. Оған елімізге белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері енді. Сараптамалық кеңес тізімді қарастырып, арнайы анықтамасын республикалық БАҚ-тарға жариялады. Ел аумағында көпшілік біле бермейтін киелі жерлер бар, бұрыннан белгілі, халқымыз тәу етіп жүрген орындар да бар. Әр жердің өз киесі, діни және ғұрыптық ескерткіштері сақталған. Біз олардың барлығын біріктірдік. Діни, ғұрыптық, тарихи сонымен қатар, қазақ ұлтының пісіп жетілуі жолында ерекше орын алатын саяси жерлерді де қостық. Батырлар тарихына, Ұлт-азаттық көтеріліске байланысты жерлерге баса назар аудардық. Ұлттық рухы асқақ, рухы биік халықты қалыптастыру үшін құндылығына көбірек мән береміз. Қостанай өңірінен біраз қасиетті жерлердің тізімін анықтадық. Негізінен, жергілікті өлкетанушы ғалымдар ұсынған деректер мен археологтардың еңбегіне сүйендік. Мысалы, Қостанай мен Челябінің арасындағы үлкен бір өркениет – Арқайым деп аталады. Бірақ, Арқайым секілді ескерткіштер бізде де бар, ол сол Ресейдегі Арқайыммен көршілес жатқан Қостанай облысы Денисов ауданындағы «Қазақстандық Арқайым» аталатын Қамысты тарихи ескерткіші. Арқайым өркениеті жақсы насихатталғандықтан, оны қазір бүкіл әлем біледі. Сондай қызықты ескерткіштердің бәрі – ата-бабаларымыздан қалған. Бұл жобаның басты мақсаты – тұтас тарихи сана-сезімді түйсіну. Біз кезінде сақ, сармат, ғұн, түркі, Шыңғыс хан империясының бір бөлігі болдық. Ру-ру болып елдікке айналып, тұтас қазақ ұлты болдық. Соның бәрі де – біздің ортақ тарихымыз. Сондықтан, жоба ең алдымен тұтастықты, ұлттық бірегейлікті көздейді. Біз – бір елміз. Қазақстандағы әрбір қасиетті жер – барлық қазаққа ортақ болуы керек. Шығыстағы Ырғызбай ата – тек шығысқа, батыстағы Жұмағазы ата – батысқа ғана қатысты емес. Ол бәріне ортақ. Сондықтан, ақпаратты бірдей таратамыз.

Сонымен қатар, Торғай көтерілісі мен Алаш арыстарынан қалған тарихи мекендер жетерлік. Ел үшін аянбаған тұлғалардың жатқан жерлері де біз үшін киелі. Соның ішіндегі Торғай геоглифтері қазір жақсы танылып жатыр. Оны да сол тізімге қосып, әлі де насихаттау керек. Мемлекеттік деңгейде соған мән берілсе екен дейміз, – дейді Берік Әбдіғали.

Сондай-ақ, Берік Әбдіғали сөз соңында жаңадан ашылатын

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Өткен жылы ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын жариялаған болатын. Елбасының бұл бастамасынан соң қазақстандық қоғам дамудың жаңа жолына түсіп, рухани ізденісті арттырды. Ұмыт болып бара жатқан тарих пен өнерді жандандырды. Ұлт Көшбасшысы өз мақаласында былай дейді: «Мемлекет пен ұлт құрыштан құйылып, қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза іспетті. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек. Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақпастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Сынаптай сырғыған уақыт ешкімді күтіп тұрмайды, жаңғыру да тарихтың өзі сияқты жалғаса беретін процесс. Екі дәуір түйіскен өліара шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отыр. Мен барша қазақстандықтар, әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс — біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді».

БАСТАР ЖОЛ

бағдарламасына бір жыл

мемлекеттік үш қорыққа қатысты арнайы қаулы шыққанын жеткізді.

– Мәдениет және спорт министрлігінің ұсынысымен арнайы үш мемлекеттік қорық ашылады. Оны Президент Әкімшілігі қолдады. Бұл – Елбасының тапсырмасы. Бірінші қорық – елорданың іргесіндегі Бозоқ қалашығы. Тарихымызда елеулі оқиға болған жер. Көбі оны біле бермейді. Болашақта сол жерде үлкен музей-орталық ашылады. Екінші қорық – Ботай. Бұл жерде адам баласы алғаш жылқыны қолға үйретті. Үшіншісі – Сарайшық. Атырау облысында орналасқан. Қазақтың талай ардақты хандары жатқан жер. Кезінде Қасым хан елдің астанасын Ұлытаудан сол жерге апарған. Сөйтіп, Алтын Орданың мұрагері біз екенін көрсетті. Сондықтан Сарайшық біз үшін үлкен геосаяси құндылық, – деді ол.

«ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ 100 ЖАҢА ОҚУЛЫҚ»

Бұған дейін Астанада «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында аударылған алғашқы кітаптардың таныстырылымы өтті. Шараға ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қатысқан болатын. Елбасы айтқандай, әрбір аударылған кітаппен халықтың санасы түбегейлі өзгереді. Ең бастысы, соның бәрін іс жүзінде кәдеге жарату қажет.

«Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында аударылған оқулықтар, әсіресе, ауыл баласы үшін зор қазына.

Аталған жоба болашаққа бағытталған бірнеше стратегиялық мақсатты орындайды. Ал оның қазақ қоғамына, Қазақстан халқының санасын оятып, дүниетанымын кеңейтуіне қосар үлесі жылдар өте келе айқындалады дейді аудармашылар.

Осы уақытқа дейін аталған жоба аясында философия, дінтану, антропология және журналистика бойынша 18 кітап пен оқу құралы жарыққа шықты. Әрбір оқулық 10 мың данамен басылып, алдағы бір айдың ішінде жоғары оқу орындары мен кітапханаларына таратылады. Биылдан бастап оқу бағдарламасына да енгізіледі. Сондай-ақ, барлық оқулықтардың электронды нұсқалары және соның негізінде әзірленген бейнедәрістер топтамасы Қазақстанның ашық университеті платформасы (OpenU.kz) арқылы таратылатын болады.

Оқулықтар әлемдік білімнің жауhарларын қазақ тілінде оқып, санасы азат ұрпақ өсіруге мүмкіндік береді. Аударылып жатқан кітаптардың арасында орыс тіліне ешқашан аударылмағандары бар. Яғни, ағылшын тіліндегі тың дүниеге қазақтілді оқырманның қолы бірінші жетеді деген сөз. Бұл «жақсы кітаптың бәрі орыс тілінде болады» деген ойдан арылтады, яғни, санада серпіліс жасайды. Бұл – әсіресе ауыл балалары үшін орны толмас қазына. Бұған дейінгі ұрпақтарда тәуелсіз сана қалыптастыруда мұндай ерекше мүмкіндік болған жоқ. Әрине, 18 оқулық әзірге теңізге тамған тамшыдай ғана. Бірақ, бұл – азат саналы ұрпақ қалыптастыруға жасалған маңызды қадам.

«Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын іске асыру мақсатында үкіметтік емес және коммерциялық емес негізде жұмыс істейтін «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры құрылды. Әлемнің жетекші баспаларымен байланыс жасалды. Алғашқы 18 оқулықтың глоссарийлері негізінде 3 мыңнан астам ғылыми терминдер мен ұғымдар жиналған. Солардың үштен бірі қолданысқа жаңадан енгізіліп отыр. Оқулықтардың тізімі мен жоба туралы толық ақпаратты www.100kitap.kz сайтынан алуға болады.

Алғашқы оқулықтардың ішінде Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Деррида дейін»; Энтони Кеннидің «Батыс философиясының жаңа тарихы. Антика философиясы» I-томы және «Батыс философиясының жаңа тарихы. Орта ғасыр философиясы» II-томы; Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы»; Дэвид Бринкерхоф, Роуз Уейтс, Сюзан Ортеганың «Әлеуметтану негіздері»; Джордж Ритцер, Джеффри Степницкидің «Әлеуметтану теориясы»; Эллиот Аронсонның «Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе»; Дуэйн Шульц, Сидней Эллен Шульцтің «Қазіргі психология тарихы»; Дэвид Г.Майерс, Жан М.Туенждің «Әлеуметтік психология»; Н.Грегори Мэнкью, Марк П.Тейлордың «Экономикс»; Дональд Ф.Куратконың «Кәсіпкерлік: теория, процесс, практика»; Рикки У.Гриффиннің «Менеджмент»; Карен Армстронгтың «Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны»; Виктория Фромкин, Роберт Родман, Нина Хайамстың «Тіл біліміне кіріспе»; Светлана Тер-Минасованың «Тіл және мәдениетаралық коммуникация»; Алан Барнардтың «Антропология тарихы мен теориясы»; Клаус Швабтың «Төртінші индустриялық революциясы» бар.

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ 100 ЖАҢА ЕСІМІ»

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының аясындағы «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының алғашқы кезеңі аяқталып, жеңімпаздардың тізімі жарияланған болатын. «100 жаңа есім» жобасын жүзеге асыру бірнеше кезеңнен тұрды. Басты критерий – тәуелсіз Қазақстанның көркеюіне қосқан үлесті көрсету. 2017 жылдың 1 желтоқсаны – Тұңғыш Президент күніне орай «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «100 жаңа есім» жобасы мәресіне жетіп, қорытындыланды. Қоғамға сіңірген еңбегімен, өнерімен, білімімен, ерекше қасиеттерімен даралаған «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан азаматтарымызды Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев салтанатты түрде қабылдады.

Өздерінің игі істері арқылы халықтың ыстық ықыласына, таңдауына ие болған 2017 жылдың «100 жаңа есімі» тәуелсіздіктің жылнамалық тарихына енді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асқан «Қазақстандағы 100 жаңа есім, табысты адамдар – табысты ел» жобасы жеңімпаздарының өмір жолы мен жетістіктері қазақстандықтардың тұлғалық тұрғыдан дамуына ықпал ететіні сөзсіз.

Осы уақытқа дейін El.kz порталында жалпыхалықтық онлайн-дауыс беру жүргізілген болатын. Осының нәтижесінде барлығы 102 адам жеңімпаз атанып отыр. Министрдің айтуынша, екі үміткер жалпы топтан оқ бойы озық шыққан жүздіктен сәл ғана қалып тұрғандықтан, тізімге енгізілген көрінеді. Жалпы, іріктеу кезеңінде 340 мыңнан астам қазақстандық өздері таңдаған тұлғаларға 1 миллион 376 мың дауыс берген екен. Үздіктер қатарынан қостанайлық кәсіпкерлер Алмат Тұрсынов пен Қайрат Маишев және спортшы Денис Кузин көрінген еді. Бұл бастама алдағы жылдары да жалғасын таппақ.

Сондай-ақ, шара шеңберінде әрбір жоба бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижелерін көрсететін көрме ұсынылып, еліміздегі мәдени мұраны бір жерге жинап, кең түрде насихаттап отыратын «Мәдениет» порталының таныстырылымы болды.

Айқарма бетті дайындаған Кенже ҚОНЫСБАЙ. Астана-Қостанай-Астана.

ҚОСТАНАЙ ЖӘНЕ ҚОСТАНАЙЛЫҚТАР

Қаланы көркейту бағдарламасы жасалмақ

Қостанайда тұңғыш рет 20 қабатты тұрғын үй салынады. Бұл туралы Қостанай қаласын көркейтуге арналған кеңесте мәлім етілді. Жиынды облыс әкімі Архимед Мұхамбетов жүргізіп отырды. Алдымен, Қостанай қаласының аумағын санитариялық тазарту және күтіп ұстау, инфрақұрылымды дамыту және инвестицияларды тарту мәселелері бойынша қала әкімі Базыл Жақыпов баяндама жасады.

Оның сөзінше, қала аумағын санитариялық тазарту және күтіп ұстауға "Таза-Жол АТ" ЖШС, "АБЗ плюс" ЖШС, "Вескор" ЖШС, "Капитал групп Союз" ЖШС сияқты мердігерлік кәсіпорындар қатысады. Бұған қоса қала әкімдігінің және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері де сенбілікке белсене қатысады. Олар санитарлық тазарту бойынша бекітілген Байтұрсынов көшесінде тұрмыстық қоқыс пен былтырғы жапырақтардан тазарту жұмыстарын жүргізеді. Айтпақшы, алғашқы айда сенбіліктер екі рет, бейсенбі мен жұма күндері өткізілмек. Одан әрі тазалықты сақтау үшін, әдеттегідей тек бейсенбіде ұйымдастырылады. Өз кезегінде "Тазалық-2012" ЖШС Солтүстік полигонда қоқыстарды қабылдайды. ТҮКШ бөлімімен қоқыс шығару бойынша талондар беру жүйесі белгіленді. Сенбіліктер жүргізілетін күндері қоқыс қабылдау тегін.

– Тазалық айлығында қоғамдық орындарды, атап айтқанда, саябақтар, сквердер, көшелер, бульварлар, тротуарларды абаттандыру баса назарға алынады. Барлық кәсіпорын мен ұйымның, әлеуметтік, мәдени және тұрмыстық нысандардың, көпқабатты салымдар мен жеке тұрғын үйлер аулалары мен аумақтары тазартылады. Облыс әкімі жариялаған қала аумағын санитарлық тазарту бойынша екі айлығы 12 сәуір мен 12 маусым аралығында өтеді. Қаламызды абаттандыруға кіші, орта және ірі бизнес өкілдері атсалысады. Санитарлық іс-шараларға белсене қатысуларыңызды сұраймын, – деді қала әкімі өз сөзінде.

Жиында айтылғандай, "Қостанай аулалары" бағдарламасы аясында, биылғы жылы қаланың 28 ауласы абаттандырылады, сонымен қатар, 15 көпсалалы хоккей алаңы, 13 футбол алаңы және жаттығу алаңқайлары орнатылады. Соған байланысты Тобыл өзенінің оң және сол жағалауларын абаттандыру бойынша екі жоба өз мәресіне жетті. Сол жағалауды абаттандыру бойынша 2-кезеңнің жобасы бүгінгі күні мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысын алған. Құрылыс-монтаждау жұмыстары ауа-райының жылынған уақытынан бастап жүзеге асырыла бастайды. Сол сияқты, абаттандыру аясында, биыл Сити-орталығы аумағындағы орталық көшенің және Байтұрсынов көшесінің Тәуелсіздік көшесі мен Гоголь көшелері аралығындағы 40 375 шаршы метр аумақта тас төсеуіштерді ауыстыру жоспарланып отыр.

"ПромСтройПроект" ЖШС-мен Әуежай ауданындағы "Тарелочка" көлінің жағалауын көгалдандыру және "Береке" саябағы құрылысы" бойынша жобалық-сметалық құжат дайындалып, бүгінгі күні конкурстар жарияланып, жеке сараптамадан өтуде.

2018 жылы жол кешені бойынша 39 көше, соның ішінде квартал ішілік аумақтар жөнделуден өтеді.

– 10 көше қалыпқа келтіріледі. Оған 4,2 млрд теңге жұмсалады. Олардың ішінде, жоғарыда атап өткенімдей, былтыр аяқсыз қалған 3 нысан осы жылы аяқталады. Олар: Гоголь-Амангелді көшелерімен шектесетін Набережная көшесі; Қайырбеков-Бородин көшелерімен шектесетін Лермонтов көшесі; Уральский-Войн-интернационалистер көшелерімен шектесетін Тәуелсіздік көшесі. Баймағамбетов көшесінен Үлкен көпір аралығындағы Тәуелсіздік көшесі, Гагарин-Орджоникидзе көшелері аралығындағы Алтынсарин көшесі, Рудный тас жолы мен Амангелді ауылына шығатын Абай даңғылы аралығындағы Энергетиктер көшесі. Қалыпқа келтірілетін көшелердің

үшеуінің жұмысы екі жылға жалғасады. Бұл Қайырбеков-Чехов көшелері аралығындағы Павлов көшесі, Тәуелсіздік-Лермонтов көшелері аралығындағы Абай даңғылы, Съянов көшесі мен өтпежол аралығындағы Гагарин көшесі. 750 млн теңгеге тағы 5 көше орташа жөндеуден өтеді. Олар: Әл-Фараби даңғылы, Мәуленов, Бородин, Волынов, М.Хакімжанова көшелері. Ресайклинг әдісімен орташа жөндеу 23 көшеге жүргізіледі (Фролов, Строительная, Соколовская, К.Маркс, Элеваторная, Шипина, Железнодорожная, Жамбыл, Свобода, Летунов, Транспортная, Лесная, Сибирская, Лиза Чайкина, Қозыбаев, Гастелло, 4-шағын аудан, 5 сәуір, Парковая, Пушкин, Кооперативная, Байтұрсынов, 5 желтоқсан көшелері). Оған 660 млн теңге шығындалмақ, – деп толықтырды Б.Жақыпов.

Қайта жаңғыртуға 10 көше, оның ішінде 2017 жылы басталған 3 нысан биыл аяқталады. Бүгінде жол-құрылыс және жанар-жағар май сияқты қажетті материалдар дайындалып жатыр.

2017 жылы қала көшелерінде 51 аялдама бекеті орнатылған. Ағымдағы жылы бұл жұмыстар жалғасып, тағы да 40 аялдама бекеті орнатылмақ.

Қала дамуына арналған кеңесте "Базис Бест" компаниясының атқарушы директоры Марат Молмұхамедов биыл бірнеше құрылыс жұмысының басталатынын айтты. Ол бизнес-орталық пен мейрамханалар бар қонақүй, сонымен қатар силикат кірпіші, темір-бетон бұйымдары мен керамзит блоктарын өндіру бойынша зауыт құрылыстарының жоспарымен таныстырды.

– Осы жылы Тобыл өзенінің жағасында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін тұңғыш қонақ үй тұрғызылады. Қонақ үй Ramada Encore компаниялар тобына тиесілі болмақ. Жаңа нысан 163 бөлмені қамтитын 6 қабаттан тұрады. Мұнда заманауи мейрамхана, салтанат залы және фитнес бөлмесі болады, – деді ол.

Сондай-ақ, аталған компания қалада тұңғыш рет 20 қабатты тұрғын үй салуды жоспарлап отыр.

– Бастапқыда 16 қабатты үй саламыз деп жоспарлағанбыз. Жақында тағы 4 қабат қосатын болып шешілді. Мұнда барлығы 100 пәтер болады. Жаңа тұрғын үй "Береке" шағын ауданында бой көтереді. Құрылыс жұмыстары жақында басталады. Жалпы, "Базис Бест" компаниясы өңірге 10-15 млрд теңге инвестиция салады, – деді Марат Молмұхамедов.

Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов бұл идеяны қолдайтынын жеткізді. Оның сөзінше, қаладағы биік үйлер 13 қабаттан аспайды. Сондықтан, көпқабатты үйлер санын көбейту керек. Қала әкіміне қаланы көркейту бойынша аймақтық бағдарлама жасауды тапсырды. Алдағы уақытта "Береке" шағын ауданында 370 пәтерлі 28 төртқабатты үй салынады.

Архимед Мұхамбетовтің айтуынша, 2019 жылы Қостанайдағы халықаралық әуежайдың терминалдары көбейеді.

– Биыл әуежайдың ұшу-қону жолағын жөндеуді бастаймыз. Қайта жөндеуден өткен соң ұзындығы 2,8 шақырым жолаққа ие боламыз. Бұл кез келген рейстерді қабылдауға мүмкіндік береді. Яғни, қалаға келетін туристер мен инвесторлар көбейеді. Сондықтан да терминалдарды дұрыс қалыпқа келтіруді тапсырамын. Жаңа жоба қажет. Әуежай ішінен бірнеше VIP, СИП бөлмелер, фудзал мен тұрақжай ашыңыздар. Қысқасы, әуежай туристік нысанға айналуы тиіс. Келушілер қызығатын орын жасауымыз керек, – деді өңір басшысы.

Айта кетейік, аталған нысан Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің иелігінде. Ол Қостанай қаласы төңірегінің оңтүстік-батыс жағынан 2 шақырым жерде және әкімшілік орталығынан 5,6 шақырым қашықтықта орналасқан. Әуежай халықаралық мәртебеге ие. Бір жылдағы рейс саны – 1 700. Жеткізілетін жүктердің, поштаның көлемі – 250 тоннадан асады.

Суреттерді түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.

Бетті әзірлеген Қасқырбай ҚОЙШЫМАНОВ

100 НАҚТЫ ҚАДАМ

Көп тіл білген көпті ілер

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, әлемдік ортада өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына, қазіргі таңда әлемдік оқу үрдісінің өзегі – жаңа технологияларды жетік меңгеруіне тікелей байланысты. Осы ретте, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұлт болмысын саралаған 100 нақты қадамының 79-қадамында көрсетілген білім бағытындағы страгетияларды білім ошақтарына түпкілікті енгізіп, жүйелі жұмысты жүзеге асыру мақсатында өңірімізде көптеген игі бастамалар легі қолға алынып келеді.

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

"Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам" деп аталынып отырған Ұлт жоспарына зер салып, зерделей қарасақ, өзіндік ерекшелігі мол, мың ойлану, жүз толғанудан, әбден сыннан өткен кесімді бағдар болуымен маңызды. Оның басты ерекшелігі – нақтылығында, міндеттер әрбір адамға тайға таңба басқандай айқын көрініп тұр. Екінші бір маңызды ерекшелігі – ауқымдылығында. 100 қадамның әрқайсысы көптеген өзекті мәселелерді, еліміздің алға басуына аса қажетті істерді қамтиды.

Мемлекет басшысының халқымыздың алдына қойған бағдарламалық міндеттерін қарап, саралап көрсек, бір ерекшелік байқалады. Ол – міндеттердің сабақтастығы, жалғастығы. Баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет құрудың үлгісіне айналған 100 нақты қадамда мемлекетімізге аса қажетті барлық салалардың қамтылуы да назардан тыс қалмаған.

Қазақстан әлемдегі экономикасы озық отыз елдің қатарына енеді. Бүгінде ел алдында осындай ұлы мұрат, асқақ арман тұр. Ол үшін алдымен бүгінгі жас буынның білімі бәсекеге қабілетті болып, шет тілін меңгеруі тиіс. Әсіресе, әлем халқының басым бөлігіне ортақ ағылшын тілін үйренудің маңызы зор.

"79-қадам. Білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу. Басты мақсаты – ДАЯРЛАНАТЫН КАДРЛАРДЫҢ БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ СЕКТОРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ".

Ұлт жоспарының 79-қадамын орындауда Рудный қаласындағы №7 мектеп-гимназиясының ұжымы үлгі боларлық істердің ұйытқысына айналып отыр. Мұнда ұстаздар мен оқушылардың ағылшын тілін меңгеруіне қажетті жағдайлар жасалған. Оқу орнының директоры Қымбат Бірманованың айтуынша, ұстаздар үшін тіл оқыту курстары ұйымдастырылса, оқушыларға логикалық ойлау, білім мен білікті ұштастыру мақсатында айына кемінде 1 рет ағылшын тілінде зияткерлік ойындар өткізіліп тұрады.

– Мақсатымыз – тілдік орта қалыптастыру. Жоғарыда айтылғандардан бөлек, мектебімізде жазғы уақытта "English club" тілдік лагері жұмыс істейді. Нәтижесі, оқушылардың алған әсерлері бұл бастаманы одан әрі жалғастыру керектігін меңзейді. Ал, оқу күндері аптаның әр сәрсенбісінде ішкі радио торапта ағылшын тілінде сұхбаттасулар ұйымдастырып тұрамыз. Мұғалімдер өз сабақтарында ағылшын тілі және латын қарпінде глосарий, рефлексивті ой түйіндеуді үнемі қолданып жүр. Сонымен қатар, 3-6 сыныптар арасында ағылшын тілінде өз-өзін таныстыру, өнер көрсету, сұрақ-жауап сияқты кезеңдерден тұратын сайыстар оқушылардың тілді үйренуге деген ынтасын арттыра түсуде, – дейді Қымбат Исламбекқызы.

Директордың мәлімдеуінше, ағылшын тілі пәні мұғалімдері қазіргі кезде ағылшын тілін оқыту сапасын жақсарту мақсатында тіл үйретуде әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа технологиялар мен әдістерді барынша қолдануда.

– Ауызша сөйлеуді үйретуде әр түрлі технологияларды пайдаланған тиімді. Мысалы, қазіргі білім беру үдерісінде еніп жатқан инновациялық технологияларды басшылыққа алып, практика жүзінде ауызша сөйлеуді іске асыруға болады. Яғни, біз деңгейлеп саралап оқыту технологиясында білім алушыларға деңгейлік тапсырма беру арқылы әр баланы ауызша сөйлеуге үйретеміз. Балалар сөйлеу арқылы өз ойындағысын жеткізу үшін, ең бірінші-ден, оқушылардың сөздік қорын байытып, содан соң жаңа өткен сөздердің есте сақтап және де әр жағдайда қандай мағынаны беретінін түсін-діру қажет. Кейін осы жаңа сөздері бар фильмдер көрсету, өлеңдер тыңдату, диалог және монолог құрастыру арқылы жұмыстар жүргіздік, – дейді ол

Педагог ұжымдық, топтық білім беру технологиясы түрінде ауызша сөйлеуге үйрету оқушылар мен мұғалімдер, оқушы мен оқушы арасында іске асырылатындығын алға тартады. Біріншіден, олар бір-бірімен ауызша тілдесу арқылы қарым-қатынаста болса, екіншіден, ұжым арасында еңбек етуге үйренеді. Дегенмен әр ұстаз қандай технологияны таңдаса да ең алдымен өзі сол технологияны жете түсініп, меңгеруі тиіс. Өйткені техникалық құралдардың әрқайсысын жете білу және меңгеру – оқушы үшін ең қажетті шарт. Сонда ғана оқушылар ауызша сөйлеуге үйреніп, олардың сөйлеу дағдылары қалыптасып, сөйлеуге жаттығатыны анық.

– Көп тілді меңгеру – қазіргі заман талабы. Әсіресе, ағылшын тілін білмесең, өзгелерден өзіңді бір саты төмен сезінесің. Осыны қазіргі жастар жақсы біледі. Сол себепті тіл меңгеруге бағытталған барлық тамаша бастамаларды қолдап, игілігін көріп қалуға тырысады. Әрине ұмтылыс пен шын ынта болса, үш немесе жетісегіз тілді үйреніп алуға болады. Мен бізге бәсекеге қабілетті білім беріп қана қоймай, тұлға ретінде дамуымызға еңбектерін аямаған ұстаздарыма мың алғыс айтамын, – дейді 10-сынып оқушысы Аружан Жеңісбекова.

Рудный қалалық білім бөлімінің басшысы Қайсар Қанешов те тіл меңгеру мәселесіне қатысты өз ойын білдірген болатын

– Жастар – біздің болашағымыздың кепілі. Сондықтан, оларды қоғамдық өмірге, мемлекет ісіне белсене араластырған жөн. Ұлы ұстаз Әл-Фараби айтқандай, "Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы". Себебі, жастардың әлеуетін дұрыс пайдаланбасақ, ол мемлекетке кері ықпал етуі мүмкін.

"Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады", – деп ұлы Абай бекер айтпаса керек. Абай сөзі ұстаздар қауымына күрделі де салмақты жүк әкелетіні анық. Осы орайда, мектеп оқытушыларына да Ұлт Көшбасшысының 100 нақты қадамының салмағы еселене түседі. Сол жүктің әсері жалпы барлық ұстаздардан аса жоғары мемлекетшіл болуды талап етеді. Өйткені, әрбір ұстаз жүрегіндегі өз шәкіртіне деген сезім оның өз баласына арналған сезіммен пара-пар болуы керек. Сонда ғана ағылшын тілін үйретуге сіңірген еселі еңбегіміз өз жемісін береді. Ал, көп тіл білген көпті ілер, – дейді Қайсар Сейітқасымұлы.

Осылайша, облыстың бірқатар мектептері "Көптілділік" бағдарламасын тәжірибеге енгізе отырып, ҚР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлының бағдарламалық құжаттарында белгіленген міндеттерді орындауға белсенді атсалысуда. Сол арқылы жеткіншектер мен жас мамандардың бәсекелестік қабілеттерін арттырып, білім беру секторының экспорттық әлеуетін арттыруға мол мүмкіндік туғызып отыр.

Елбасы осыдан бірнеше жыл бұрын дәстүрлі халыққа Жолдауында: "Мен қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу – әркімнің дербес табыстылығының міндетті шарты екендігін әрдайым айтып келемін. Сондықтан 2020 жылға қарай ағылшын тілін білетін тұрғындар саны кемінде 20 пайызды құрауы тиіс деп есептеймін", – деген болатын.

Қазақстандықтар тарапынан үлкен қолдауға ие болған Мемлекет басшысының "100 нақты қадам" Ұлт жоспарын жүзеге асыру арқылы қазақстандықтар биік белесті бағындыруға ұмтылуда. Бұл – отандық білім беру саласын дамытуға бағытталған сарабдал саясаттың нәтижесі, Ұлт жоспарының жемісі болары сөзсіз.

100 НАҚТЫ ҚАДАМ

III. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ

61-қадам. ЕТ ӨНДІРІСІ МЕН ӨҢДЕУДІ ДАМЫТУ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ИНВЕСТОРЛАРДЫ ТАРТУ. Негізгі міндет шикізат базасын дамыту және өңделген өнімдерді экспорттау.

62-қадам. Экономиканың шикізаттық емес салаларындағы орта бизнестің жаңа өнімдерін компаниялардың қолдауға бағытталған «ҰЛТТЫҚ ЧЕМПИОНДАР» БЕЛСЕНДІЛІГІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ. Бизнес-өлшемдегі жаңа айналымды ноу-хау трансфері үшін білікті орталықтарын құру мүмкіндігін береді.

63-қадам. ҒЫЛЫМДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ЭКОНОМИКАНЫҢ НЕГІЗГІ РЕТІНДЕ ЕКІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ КЛАСТЕРДІ ДАМЫТУ. НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТТЕ «АСТАНА БИЗНЕС КАМПУСТА» ҒЫЛЫМ ОРТАЛЫҚТАРЫ МЕН ЗЕРТХАНАЛАР ОРНАЛАСТЫРЫЛАДЫ. Олар бірлесуін ғылыми-зерттеу жобаларын және тәжірибелік-конструкторлық, жұмыстарды жүргізуге, сондай-ақ, оларды коммерцияландыруға қолдау етеді. Нақты өндірістік жобаларды жүзеге асыру үшін инновациялық технологиялар парк жүйелері және шеңберлік жоғары технологиялы компаниялар тартылып болады.

64-қадам. ӨНДІРІСКЕ ИННОВАЦИЯЛАР ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫ ҚАРЫЖЫЛАНДЫРУ ТЕТІКТЕРІ бар «Ғылым және (немесе) ғылыми технологиялық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заң қорғалады. Ғылыми грант-тар мен бағдарламалар құрылымдары индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының қажеттіліктіне орай қайта бағытталады.

65-қадам. ҚАЗАҚСТАНДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨПІК-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ АҒЫМДАРҒА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ. «ЕУРАЗИЯЛЫҚ ТРАНСКОНТИНЕНТАЛДЫҚ ДӘЛІЗ» МУЛЬТИМОДЕЛДІК КӨЛІК ДӘЛІЗІН ҚҰРУ жаңандағы жобаны іске қосу. Ол Азиядан Еуропаға жүктер тасымалын жүргізуге жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Кілт сөздер. Бірінші бағыт – Қазақстан аумағы арқылы Россия Федерациясына және одан әрі Еуропаға өтеді. Екінші бағыт – Қазақстан аумағы арқылы Қырғызстан Ахтау портына дейін, одан әрі Каспий теңіз жолы бойлайды, содан соң Грузия арқылы. Жобаны болашақта 2014 жылдың аяғында құрылған Азия инфраструктуралық инвестициялар банкін тарту.

66-қадам. Халықаралық инновациялық хаб құру. Стратегиялық инвесторды тарту арқылы Алматы қаласын ӘЛЕМДІК СТАНДАРТҚА СӘЙКЕС КЕЛЕТІН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАҢА ӨУЕЖАЙ сияқты нысанын болады.

67-қадам. «ЭЙР АСТАНА» ӨУЕ ТАСЫМАЛДАУШЫ ЖӘНЕ «ҚТК» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ ІРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ОПЕРАТОР РЕТІНДЕ ДАМЫТУ. «Эйр Астана» халықаралық бағыттарын мерейлестіруге және әлемнің негізгі қарқын орталықтарына (Пьер-Жорж, Торонто, Сингапур) жаңа бағыттар ашуды. «Эйр Астана» даму «ҚТЖ»-ның басқамалы маршруттарды дамыту жөніндегі жоспарымен ұйластырады, бұл жүктерді жеткізу құнын екі еседен астам төмендетуге мүмкіндік береді.

68-қадам. Қазақстан арқылы өуе транзитінің тартымдылығын арттыру үшін ӨУЕ ТАСЫМАЛЫН МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ ТИІМДІЛІГІН жақсарту. Азаматтық авиация комитетінің қызмет бөлігін азаматтық авиацияны мемлекеттік агенттігінің және ЕО авиация қауіпсіздігі агенттігінің үлгілеріне бағдарлануға болады.

69-қадам. Астананы зерттеушілерді, студенттерді, кәсіпкерлерді, бірлік өнірлердің пуәгіндегі тартылы ЕУРАЗИЯНЫҢ ІЗГЕРЛІК, МӘДЕНИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛДЫРУ. Мұнымен бірге қалаға оңтүстіктің жаңа терминалын қосы алғанда, қазіргі заманғы халықаралық өнімін-тәжірибелік жүйе құрылады.

70-қадам. ASTANA EXPO – 2017 инфрақұрылымдары арқылы ары АРНАУЛЫ МӘРТЕБЕ БЕРЕ ОТЫРЫП, АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫН (АІFC) ҚҰРУ. Қаржы орталығының орнында заңды мәртебесін Конституциядағы бекіту. Орталықтың ТМД, сондай-ақ, Батыс және Оңтүстік Азиямен бірлік, өңірлерінің өздерін үшін ҚАРЖЫ ХАБЫ ретінде қалыптастыру. ӘЗІНДІК ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ БАР ТӘУЕЛСІЗ СОТ ЖҮЙЕСІН ҚҰРУ, оң ағылыншадың құқық қатынастарымен қызмет істейтін болады. Сырттағы корпоративтік шиттердің мүмкіндіктін құрылады. БОЛАШАҚТА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАРЖЫ ХАБЫ ӘЛЕМНІҢ 20 АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЫНЫ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАТАРЫНА ЕНУІ ТИІС.

71-қадам. Қаржы орталығының даму стратегиясын КАПИТАЛ НАРЫҚТАРЫНА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ЖӘНЕ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ мүмкіндіктін сәйкес жарлау. Эмитенттік қаржы қызметінің жаңа түрлерін, сонымен қатар private banking қызметтерін басқару саласындағы қызметтерді дамыту. Орталықтың лицензиялы сатып, режимін енгізу. Офшорлық, қаржылық орталық, құрылтау мүмкін. Дүйнежүзін үлгісі бойынша инвестициялық резиденттік қағидаларын енгізу.

72-қадам. Қаржы орталығы мүшелерінің рәсімі тілі ретінде ағылшын тілін енгізу. Орталықтың дербес заңдылықтары АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ЖАСАЛЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫЛУЫ тиіс.

73-қадам. Қаржы орталығының халықаралық кеңістік қоғамдастығын қамтамасыз ету. Қаржы орталығының ЖЕТЕКШІ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҚТАРЫМЕН ЖҮЙЕЛІ ЖӘНЕ ЖАЙЛЫ ӨЗЕ ҚАТЫНАСЫ жүйесін құру.

74-қадам. ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАР ҚОРЫ ЖӨНІНДЕ ЕСЕП БЕРУДІҢ CRIRSCO ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТАНДАРТТАР ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ арқылы жер қойнауларын пайдалану саласының мәлеметі мен болжамдарынын арттыру.

75-қадам. Пайдалы қазбалардың бірлік түлкері үшін үздік әлемдік тәжірибені пайдаланы отырып, КЕЛІСІМДЕР ЖАСАСУДЫҢ ОҢТАЙЛАНДЫРЫЛҒАН ӘДІСІН енгізу.

76-қадам. ЭҚДҰ ендірісі стандарттарының негізінде ауыл шаруашылығын сапасын енгізу. 12 ЖАЛПЫҚ БІЛІМ БЕРУДІ кезең-кезеңмен ЕНГІЗУ, функциялық, оқушылығы-ны дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту. Жоғары сыныптарда жаңбасылық, қарқындарды-рудың енгізу, тобысты мектептерді шиттаңдарды жүйесін құру.

77-қадам. Экономиканың жетісі негізгі сапасы үшін ОН АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЫҢ КОЛЛЕДЖ БЕН ОН ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА білікті жаңарды зоярлау, кейінгеге бұл тәжірибені сілемдеп басқа оқу орындарына тарату.

78-қадам. Назарбаев Университеті тәжірибесін есеюге отырып, ЖОО-ЛАРДЫҢ, АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ДЕРБЕСТІГІН кезең-кезеңмен кеңейту. Коммерциялық, емес ұйымдарды жекешелендіру. ЖОО-ларын халықаралық тәжірибеге сәйкес трансформациялау.

79-қадам. Білім беру жүйесінде – жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңмен көшу. Басты мақсаты – ДАЯРЛАНАТЫН КАДРЛАРДЫҢ БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ СЕКТОРЫНЫҢ ЭКСПОРТТЫҚ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРУ.

80-қадам. МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУДЫ ЕНГІЗУ. Мемлекет, жұмыс беруші және азаматтың міндеттемелерінің жиынтығынан қамтиды негізінде денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық орнықтылығын қамтиды. Бастапқы медициналық-санитариялық комектті (БМСК) басқарудың қаржыландыру. Бастапқы немес аурудың алдын алу және ерте бастан курсау үшін ұлттық денсаулық сақтаудың орталық бұйымын айналды.

81-қадам. ЖЕКЕМЕНШІК МЕДИЦИНАНЫ ДАМЫТУ, МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРГЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫ ЕНГІЗУ. Бюджеттік есебінен қызметтің қолжетімділігі мен сапасын көтеру мақсатында әлеуметтік медициналық, сақтандыру жауапкершілігі бастапқы медициналық, әлеуметтік комектті қаржыландыру – басқа есебінен медициналық ұйымдарды корпоративтік басқару қағидаттарына көшуін қамтамасыз етеді. Мемлекеттік медициналық ұйымдарды жекешелендіруді шиттандыру, мемлекеттік емес ұйымдар арқылы тегін медициналық комектің кепілдіктерінен мағынаны берілді кеңейту.

82-қадам. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МИНИСТРЛІГІ ҚАСЫНАН МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ БОЙЫНША БІРЛЕСКЕН КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ. Басты міндет: медициналық қызмет көрсетудің арқылы қатарды стандарттарын енгізу (емдеу хаттамалары, кадрлар-зоярлау, дәрі-дәрмектен қамтамасыз ету, сапаны және қолжетімділігі бақылау).

83-қадам. Ескірген қаңлаистарын қарыздандыру. Жаңа ЕНБЕК КОДЕКСІН зоярлау.

84-қадам. ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІ ОНЫҢ АТАУЫ СИПАТЫН КҮШЕЙТІ ОТЫРЫП, ОҢТАЙЛАНДЫРУ. Әлеуметтік комек тек оған шынымен зоярлы азаматтарға ғана берілетін болады. Кірісі төмен еңбекке қабілетті азаматтарға мемлекеттік атаулы әлеуметтік комек тек олардың еңбекке шарап етуі және әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларын белсенді қатысуы жағдайында ғана берілетін болады.

дерекөз: www.egemen.kz

ҚҰҚЫҚТЫҚ МЕКТЕП

Зорлық-зомбылыққа жол жоқ

Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Басыну мен көндігу адам құқығын шектейді

Тұрмыстық зорлық – құрбанына толық билік пен бақылау орнатуға бағытталған қоқан-лоқылық, жәбірлеушілік және зорлық көрсету іс-әрекеттерінің жүйесі. Бұндай іс-әрекет бір рет қана болатын жағдай емес, ол үнемі қайталанып отырады.

Билік пен бақылау орнату тәсілі агрессордың тарапынан тәндік, сексуалдық немесе психологиялық шабуылдардан тұрады.

Қылмыскермен оның құрбаны:

√ Некеде тұрса;

√ Бұрын некеде тұрған болса;

√ Қандас туысқан болса (ата-аналары мен балалары, бауыры мен әпкесі: туған немесе және т.б.);

√ Күйеуі немесе әйелі жағынан туысқандар болса;

√ Олардың ортақ балалары болса зорлық-зомбылық "тұрмыстық" деп жіктеледі.

Агрессияның көріністерін тереңдете түсетін негізгі факторлар:

Зерттеулерге сәйкес еркектің бойындағы агрессияның көріністеріне әсер ететін әлеуметтік факторлардың қатарына мыналар жатады:

➢ Бұрын басынан кешірген зорлық. Бала кезіндегі ата-аналарының немесе туыстарының тарапынан тұрмыстық зорлық көрген балалар ересек өмірде өздері агрессорларға айналады. Бұл жерде басынан кешірген зорлық үшін өш алу және өзінен әлсіз индивидумдардың үстінен билік орнату ниеті орын алады. Агрессор еркектердің шамамен 22%-ы балалық шағында әкелерінің тарапынан зорлық көргендер.

➢ Агрессия ата-аналарының іс-әрекетінің үлгісі сияқты. Әйелдеріне зорлық көрсетіліп отырған отбасында өскен балалар өздері танып-білген іс-әрекет үлгісін қайталай отырып әрекет етеді. Некелік өмірде зорлық көрген әйелдер некеде тұрып, тұрмыстық зорлыққа шалдықпаған әйелдермен салыстырғанда үш есе жиі қайын аталарының да, қайын енелеріне қатысты зорлық көрсеткендерін айтады.

Еркектердің 14%-ы өздерінің әлеуметтенудегі бірінші сабақтарын өздерінің отбасынан алған. Олар балалық шағында көз алдында болған отбасы ошақ қасындағы ересек мүшелердің арасындағы арақатынастарды ішкі отбасылық өмірді ұйымдастырудың көрнекі мысалы ретінде қабылдаған.

➢ Әлеуметтік мінез-құлық факторлары:

– ықпалды қызметтік жағдай;

– агрессордың қамқорлығындағы жәбірленушінің материалды тәуелділігі;

– әйеліне, оның шаруашылықты жүргізуіне қанағаттанбау (жалқау, ысырапшыл, сексуалдық қанағаттанбау, мінез-құлықтарының жараспауы);

– жұмысқа орналасу, жалақы мөлшері және еңбек жағдайының мәселесі;

– тұрмыстың жайғаспауы (тұрғын үйдің, жайлылықтың, жеткілікті тамақтың болмауы т.б.).

Еркектердің 8%-ы агрессияның пайда болуын жұмыс іздеумен және материалды жағдайды жақсартумен байланыстырады. "Тұрмыстың жайғаспауын" еркектердің 10%-ы жайлылықтың, жеткілікті тамақтың жоқтығы және әйелінің шаруашылықты жан-жақты жүргізбеуі деп түсінеді, осы жәйттердің барлығы олар үшін агрессияның пайда болуына себепші болады. Отбасылық қарым-қатынасқа қанағаттанбау еркектердің 13%-ын агрессия жағдайына алып келеді. Бұл жерде балалардың тәрбиесіне қатысты сұрақтар бойынша даулар, сексуалдық тұрғыда қанағаттанбау, мінез-құлықтардың үйлеспеуі және әйелінің сыртқы түрі-нің өзгеруі (сыртқы түріндегі жас өзгерістері, тартымдылығының күңгірттенуі болуы мүмкін т.б.) орын алады.

➢ Агрессордың физикалық жай-күйі.

Алкоголь, есірткі, психотропты препараттарды қолдану.

Агрессор-еркектердің 24%-ы алкогольге немесе есірткіге мас болған күйде зорлық жасайтындығы анықталды.

➢ Салттар мен дәстүрлер. Еркектердің 4%-ы отбасы мен қоғамдағы еркектердің рөліне қатысты қалыптасқан дәстүрлі көзқарастарға ие, ал әйелді ұрып-соғуға төзімді болуға тәрбиелейді.

➢Ішкі сенімсіздіктің болуы. Еркектердің 1%-ы сексуалдық арақатынаста агрессияны өзіндік бағалауын арттыру мақсатында пайдаланады.

➢ Заңгерлік базаның жеткілікті дәрежеде жетілдірілмеуі. Заңгерлік және заңнамалық шаралардың жоқтығы агрессорларға әйелдері мен балаларына қатысты кедергісіз зорлық жасауға мүмкіндік береді.

Үйдегі зорлық-зомбылық циклдық сипатқа ие

Бірінші кезеңге жәбірлеуші ашуланшақ болып, ыза шақырып, өзінің агрессиясын серпітетін себеп іздей бастаған және отбасындағы қысымшылық арта түскен кезең жатады.

Екінші кезеңде жиналған қысым ақтарылып түседі, яғни кез келген нысандағы зорлық акті. Оның бірнеше минутқа немесе бірнеше сағатқа созылуы мүмкін.

Үшінші кезең – торығу және жәбірлеушінің болған іске өкініші, салыстырмалы түрде тыныштанған кезеңі. Ол кешірім сұрайды, сыйлықтар сыйлайды, кінәсін жуып-шаюға тырысады. Жәбірлеуші оның шынайылығына сеніп, қақпанына түседі. Дәл осы кезең жәбірлеуші барлығын түсінгендіктен, олардың өмірі жақсара түседі деген иллюзияны тудыратын кезең. Бұл кезеңнің ұзақ уақыт жалғасуы мүмкін емес: жәбірлеуші қайтадан жанына қандай да бір мәселелерді жинақтайды да, оларды зорлық жолмен ғана шығара алады.

Отбасындағы қысымшылдық қайта өркендей бастайды.

Үшінші кезең қайтадан бірінші кезеңге көшеді. Шеңбер тұйықталады. Уақыт өте келе татуласу кезеңі қысқарады, мүлдем ғайып болуы да мүмкін, ал зорлық кезеңі шарықтай түседі.

– Ағымдағы жылдың 1 тоқсанында облыстық ІІД ЖПҚ әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жұмысын ұйымдастыру жөніндегі тобы әйелдердің құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, әйелдерге қатысты құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың жолын кесуді және ескертуді қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар атқарды. Жыл басынан бері әйел азаматшалардың отбасы-тұрмыстық қатынастағы арызы бойынша 3 айда 2223 қорғау нұсқамасы шығарылды (2017 ж. – 2142). ҚР ӘҚБКо 73 бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке 1476 адам тартылды (2017 ж. – 1147). Іс-шараларды уақытылы ұйымдастырып, өткізген жұмыстардың нәтижесінде кісі өлтіру (ҚР ҚК 99 бабы) қылмысы – 75 %-ға (9-дан 7-ге), денсаулыққа қасақана ауыр зиян тигізу (ҚР ҚК 106 бабы) – 50% (8-ден 7-ге), денсаулыққа орташа зиян келтіру (Қазақстан Республикасы ҚК-нің 107 бабы) – 28% пайызға (25-тен 11-ге дейін), қорқыту (ҚР ҚК 115 бабы) – 33% (7-ден 2-ге), зорлау (ҚР ҚК 120 бабы) – 22% (33-тен 14-ке), заңсыз бас бостандығынан айыру (ҚР ҚК 126 бабы) – 100% (2-ден 0-ге), тонаушылық (ҚР ҚК 191 бабы) – 13% (46-дан 40-қа) сияқты қылмыстардың төмендегені байқалды, – дейді ІІД ЖПҚ ӘЗЗҚТ аға инспекторы полиция майоры Г.Хайруллина.

Сараптама қорытындысына қарағанда, әйелдерге қатысты жасалған қылмыстардың орын алу себептерінің бірі отбасындағы жанжал, тұрмыс келеңсіздігі, бірін-бірі жек көрушілік, зәбір көрушіні адамсынбау-кемсіту, күш және қоқан-лоққы көрсету, күн көріс қиындығы т.б. Осылармен қоса тағы бір негізгі себеп зардап шегуші әйелдің сезіктімен бірге спирттік ішімдік ішуі, өзін кез келген ортада еркін және ашық ұстауы, сондай-ақ отбасындағы жайсыз жағдай, тұрмыстық келең-сіздіктерден туындайтын дау-дамайлар. Күдіктінің әйел затына айуандық көзқарасы, моральдық және өзімшілдік се-зімінің жоғары болуы, зәбір көрушінің күдіктіге заттай тәуелді болуы.

Көше қылмыстарының басым бөлігі кешкі уақыттарда жарық аз түсетін жерлерде жасалатындығын байқауға болады, бұл әйелдердің ойланбастан туыстары мен жақындарынсыз жүретіндігін көрсетеді. Көп жағдайларда әйелдерге қатысты тонаулар мен бұзақылық жасайтын тұлғалар-кездейсоқ танысы, алыс туыстары немесе жәбірленуші танымайтын азаматтар.

Денсаулыққа әртүрлі дәрежедегі зиян келтіру сияқты қылмыс түрлері күн сайын жасалады, көбінесе бұл қылмыстар отбасы-тұрмыстық қатынасында орын алады. Бұндай қылмыстар көбіне қызғаныштан, бірігіп ішімдік ішкеннен туындайды. Бұл жағдайлар ажырасуға, ата-аналық құқығынан айыруға, тұрмысы нашар отбасылар санының артуына, балалар қылмысының өсуіне және кәмелетке толмаған балаларда адамгершіліктің қалыптасуына теріс ықпал етуіне әкеліп соғады. Әйелдерге қатысты жасалған қылмыстар көбіне бұзақылық оймен, пайдакүнемдік ниетпен жасалады (ұрлық, тонаушылық және қарақшылық).

ДӘСТҮР – ТАҒЛЫМ

Қазақ бұрын баланы қалай асырап алған?

Бала асырап алатын адам алдымен ауыл ақсақалдарына ақылдасады, батасын алады. Содан кейін ауыл-елді жиып, бір қойын сойып қазан көтереді. Осы тойдың үстінде баланың қолына қойдың, не жылқының ортан жілігін ұстатып, үйге кереге астынан кіргізеді. Ол үшін бірнеше қарулы жігіт киіз үйді аздап көтереді, сол саңылаудан бала үйге еңбектеп кіреді. "Ортан жілік ұстады ма екен?" деген сөз осыған байланысты қалған, ол жілікті ұстаған бала әкеден қалған жан мен малға мұрагер есепті. Егер баланы ауыл-аймақ түгел мойындасын десе отағасы маңайындағы ата баласын түгел шақырады. Сол ата баласының ішіндегі үлкен бір бәйбішенің көйлегін дайындайды. Бала сырттан киіз үйдің ішіне еңбектеп кірген соң екінші бір ғұрып жасалады.

Бала асырап алушы отағасының әйелі үлкен бәйбішенің көйлегін киіз үйдің оң жағына ұзынынан тастайды. Бала сол көйлектің жағасынан кіріп етегінен шығады. Бұл ишара бала сол бәйбішенің ішінен шықты дегенмен бірдей. Асырап алған баланы осыған байланысты "киімді ұл" деп атайды және бәйбішенің бауырынан тарағанның бәрі оны бірге туған туысындай қабылдайды.

Егер отағасы және ауыл ақсақалдары тұтас ру осы баланы жатсынбасын десе, артық сөз айтылмасын десе ру басы көсем-билерге осы шешімді хабарлайды. Осыған байланысты ру көсемі бастап жиналған қалың елдің алдында үшінші бір ғұрып өткізіледі.

Ол ауыл-аймаққа аты белгілі бес береке атанып жүрген үлкен бәйбішелердің отыз-қырығы тізіліп тұра қалып, асырап алынатын бала аяқтарының арасынан еңбектеп өтеді. Енді ол осы елдің баласы, ешкім бөтенсімейді деген ишара. Қырық бәйбішеден тараған ұрпақ оны енді тұмсықтыға шоқыттырмайды, қанаттыға қақтырмайды. Ол да өз кезегінде өзінің ағайындары үшін жанын беруге дайын тұрады.

Жамбыл АРТЫҚБАЕВ, тарихшы-этнограф.

Сүндет

Қазақ халқында сүндеттеуді қожа-молдалар атқарып келсе, қазір көбіне медицина қызметкерлері жүзеге асырады. Бала сүндетке отырғызылған соң көршіқоланға қонақасы беріліп, Құран оқытылады.

Сондай-ақ, сүндетке отырғызу тек мұсылмандық жол емес, оның ер адамның денсаулығына, ертеңгі күні ұрпағының өсіп-өнуіне де маңызы зор екені медицинада да дәлелденген. Сүндетке отыру адамның тән тазалығы мен жан тазалығы, тіпті болашақ отағасы үшін де, отанасы үшін де пайдалы өмір салты, қазіргі тілмен айшықтап айтқанда салауатты өмір салтының бір қыры екендігі айдан анық. Сүндеттелмегендерге қарағанда сүндеттелген ерлер қатерлі ісікке (рак) анағұрлым аз шалдығады. Жыныстық жұқпалы ауру туғызу қаупі сүндеттелмегендерде сегіз есе жоғары.

Қазақта қалыптасқан дәстүр бойынша ер баланы бес-жеті не тоғыз жасында сүндетке отырғызады. Шариғатта дін мұсылман баласы, пайғамбар үмметі балиғат жасына жеткенше сүндеттелуі тиіс.

Сүндетке отырғызбас бұрын әрбір ата-ана баласын алдын ала психологиялық тұрғыдан дайындайды. Алдымен "бір, екі, үш, төрт, бес, шүметайымның басын кес!" деп тақпақ үйретеді, "сүндетке отырғаннан кейін ғана сен нағыз жігіт боласың" деп күнделікті құлағына құя береді. Осындай әңгімелерге әбден бойы үйренген бала осы бір күнді асыға күтіп, іштей дайын болып жүреді. Бұрынғы кезде балаға арнап кең, әрі ұзын "сүндет жейде", "сүндет көрпе" тігетін болған.

Оны бала жара толығымен жазылғанша киген. Дәрігерлердің айтуынша, сүндеттелген бала синтетикалық талшық қосылған киім кимегені дұрыс. Кейбір аймақтарда сүндеттелген баланың жататын төсек орнын да арнайы әзірлеп, әсемдеп безендіреді.

Әдепті болмыс

"Әуретті жерлеріңді жап" дейді. Ол деген сөз ұятты жерлеріңді жап дегені. Сенің басың, бетің ұятты жер емес қой. Ол құдайдың жаратқаны. Ұятты жер мына мойыннан төмен жақ. Қазақ онсыз да ол жерін ашып шашқан жоқ. Қазақтың қызы тұрмысқа шыққанға дейін басына орамал салмаған. Кәмшат бөрік, құндыз бөрік, үкілі тақия, шашақты сорабақ, моншақты қасаба, жырға деген сондай әдемі бас киімдер болған. Шаштарын он күн тарап, бес күн өрген деген, шаш күтіміне көп көңіл бөлген. Қолаң шаш, сүмбіл шаш, қара шаш, алтын шаш соның бәрі қыздың шашы. Сонда не мұсылман болады екенбіз деп соның бәрін жерге көмуіміз керек пе? Ананың барлығы арабтардікі. Арабтың жері ыстық, құм боран соққан бұрын. Сонда еркегі бар әйелдің бәрі көзінен басқаның бәрін жауып тастаған қарамен. Енді соны алып келіп бізге тықпалайды. Мұсылман болу үшін араб болудың керегі жоқ. Мысалы, арабтар керемет болатын болса, тегі бір, діні бір, тілі бір неге бірбірін қанға бөгіп жатыр? Қырып жатыр. Қаншама жыл болды. Оның несі ислам? Оның несі шариғат? Құдай сақтасын. Қазақтар бұрын жер дауы жесір дауы деп барымтаға шыққанымен оның өзінде екі ауыз сөзбен бітіріп отырған. Сөзге тоқтаған. Қазақ өте құдайшыл халық. Бірақ фанатик емес. Қазақ бір ауыз сөз "Құдайсыз қурай сынбайды" деген бір ауыз сөзбен құдайды мойындаған. Ең жаман адамды құдайсыз адам дейді. Жақсы адамды " Ой, құдайы бар екен айналайын" деп айтып жатады. Арабтар бұрын пұтқа табынған. Екі қыздың біреуін тірідей көміп отырған. Содан мына "Тарихи жад" (Историческая память) содан қалып қойған. Әйелді төмен көру қанында бар. Бәрібір тегіне тартпай тұрмайды. Ал қазақта керісінше "Ырыс алды қыз" деп, ырымалдысы қыз болғанда керемет қуанған. "Кететұғын бала, қонақ" деп, қызды әкенің үйінде жүргенде әбден еркелеткен. Жақсыны кигізген. Дәмдіні жегізген. Қолынан келсе жорғаны мінгізген. Қызды ешқашан есік жаққа отырғызбаған. Оң жаққа төрге отырғызған. Тұрмысқа шықпаған қызды оң жақтағы қыз дейтіні содан. Отырған қыздың аяғынан аттау үлкен күнә болып саналған қазақта. Қыз балаға қол көтеру ол үлкен қылмыс болып саналған. Қыздар жаугершілік кезде әкелерімен, ағалармен қатар сауыт киіп жауға аттанды. Шайқасты. Оған тарих куә. Айтысты, айтысқа түсті. Бәрін былай қойып, қыз қууды қарашы! Анау жігіттерді шықпыртқан кезде қандай, аттың құлағында ойнаған. Енді неге осының бәрін жауып, жерге көміп, мұсылман болады екенбіз деп, бейшара қыздардың басына қара орамал салуымыз керек? Қара орамалды байы өлгенде салады. Қаралы әйел дейді оны. Мысалы, Әуезовтің "Қаралы сұлуында" әйел жыл бойы басына қара орамал салады. Жыл өткеннен кейін жақындары келіп, қаралығын түсіріп, ауыстырып жатады. Өздерін өздері қор қылып, сор болып жүр. Үйлерінде теледидар көрмейді, ешқайда шықпайды, әйтеуір бала туып жатқандары бар, тек анау еркекке қызмет етуі керек бітті. Біраздан кейін надандық шығады. Білімсіз анадан білімсіз ұрпақ көбейеді. Біз біріншіден біліммен, екіншіден өзіміздің тіл арқылы таралатын дәстүрмен ғана ұлтымызды сақтай аламыз. Әрбір адам ұлтымен бірге туады. Ұлтыңмен бірге туған соң, ұлтыңның тілі, бүкіл салтдәстүрі, елі, жері, тарихы саған да тиесілі. Бұл жерде егер дін ұлттың үстіне шықса, ұлт жойылады. "Екі сөздің бірінде қазақпын деп айтпа, мұсылманмын деп айт" дейді. Көрдің бе қандай құйтырқы жаман нәрсе жатыр? Мына радикалды дінге қарай бұрылатындардың ішінде еркекке қарағанда әйелді қайтару қиын екен. Айтыскерлер, небір спортшылар кетті. Атағы барлар мен ақшасы барлар алдымен қармаққа түсіп жатыр".

Зейнеп АХМЕТОВА.

БҰРЫНҒЫНЫҢ ӘҢГІМЕСІ

Ақсақал мен жігіт

Ертеде бір данышпан қария болыпты. Бір күні қартқа бір жігіт келіп:

– Ақсақал, осы мен қандай жігітпін, сынаңызшы, – депті. Қарт әуелі жігіттің жолдасын шақыртып алып, әртүрлі істермен сынап, ақырында жігіттің өзін шақыртады. Жігіт келген соң:

– Шырағым, жаман жігіт көрінбейсің, адамшылығың да, ақылың да мол екен, – депті.

– Қалайша олай дейсіз, мені сынап, байқап та көрген жоқсыз ғой, – десе, қарт күліп:

"Жігітті жолдасына қарап бағала" демей ме халық, – деген екен.

"Бәленің басы күшіктен"

Екі жігіт дос болыпты. Бір күні екеуі сырласып отырып, бір-бірінен неден қорқатындықтарын сұрасыпты.

– Сен дүниеде неден қорқасың? – депті біріншісі.

– Мен кедейліктен, аурудан, ажалдан қорқамын. Ал өзің неден қорқасың? – деп сұрапты екіншісі.

– Мен иттің күшігінен қорқамын.

– "Қорықпас келін қой басынан қорқады" деп, иттің өзі тұрғанда күшіктен де қорқа ма екен? – дейді екінші жігіт.

– Ойбай-ау, бәленің басы сол күшіктен шығады ғой. Үйге алаңдағаныңда күшік шәуілдеп үреді, сөйтіп, басқа иттерді үркітеді емес пе? – депті бірінші жігіт.

"Ақ тоқым, қос таңбалы..."

Әрі ақын, әрі балуан Ахмади деген жігіт жалғыз атын жоғалтып, бақ бақты жиын өткізіп жатқан Қожахан болыстың аулына келеді. Болыс баса-көктеп кірген кедей ақынды жақтырмай, шаруасын сұрап білген соң: "Атыңның белгісін өлеңмен айт, әйтпесе, үйіңе қайт", – дейді. Сонда Ахмади:

Ақ тоқым, қос таңбалы өзі жирен,
Қиянкес ұры алмаса шықпайды үйден.
Жануар жылқы болмай, адам болса,
Нәсілі бір кем емес болыс, биден.
Ақ тоқым, қос таңбалы жирен еді,
Шананы қар жауғанда сүйрер еді.
Болдырып көп жұмыстан еті арыса,
Дорбаға қи сап берсем күйленеді.
Жануар жылқы болмай, адам болса,
Болыс боп бір тайпы елді билер еді, –

дегенде Қожахан болыс одан арғысын айтқызбай:

"Аты жүйрік қайырады, тілі жүйрік айырады", – деген, мынаның тілі улы екен, жоғын тауып беріп қайтарыңдар, – депті.

** **

Балаби қартайған шағында халқын жиып: "Жерден ауыр не? Судан терең не? Оттан ыстық не? Көктен биік не?" – деп төрт сұрақ берген екен. Ешкім шеше алмапты. Сонда Балаби өзі айтқан сұрақтарының шешуін өзі айтқан екен: "Жерден ауыр дегенім-ақыл, білім. Судан терең дегенім – оқу, ғылым. Оттан ыстық дегенім – пәни жалған, адамның өмірі. Көктен биік дегенім – тәкәббардың көңілі".

A'ley'mettik jeliden

Теңіз жұлдызы

Теңіз жағасын жағалап келе жатқан бір кісі бір нәрселерді жерден алып теңізге лақтырып жатқан бір баланы көреді. Жақындағанда оның толқынмен жағаға шығып қалған теңіз жұлдыздарын құтқармақ болып жатқанын байқайды. Ал көкжиекке дейін созылып жатқан жаға болса, теңіз жұлдыздарына толып-ақ қалған екен.

– Сен не істеп жатырсың? – деп сұрайды әлгі кісі.

– Бұлар ертең су қайтқанға дейін жағада қалып қойса, өліп қалады ғой, – дейді бала таңырқап.

– Бұл ақымақтық қой! – дейді қызбаланып әлгі адам, – қарашы олар қаншама, жағада мың емес, миллионы жатыр. Бір өзің ештеңе өзгерте алмайсың, сенің осы жасап жатқан тірлігіңнің мәні бар ма?

Бала жерден келесі теңіз жұлдызын қолына алып, шамалы ойланып тұрып, былай депті:

– Менің жасаған тірлігімнің мәні мен маңызы өте зор, әсіресе.., мына бір теңіз жұлдызы үшін.

Халық айтқандай, төбе түйірден, теңіз тамшыдан құралады. Өзгелер үшін жақсы нәрсенің бәрін бірден жасау мүмкіндігін күткен адам ештеңе жасамайды, өйткені ондай мүмкіндік сирек кездеседі.

Алтын-күміс

Ең бірінші Адам ата жерге түскеннен кейін қарны аша бастапты. Сол кезде Алла Тағалам оған тамақ үйретуге Жебірейіл періштені жіберіпті. Періште Жаратқанның айтуымен Адам атаға ас пісіріп үйретіпті.

(Әйелден бұрын тамақ істеуді еркек үйренген). Жебірейіл періштенің үйретуімен әбден ас пісіруді меңгерген Адам ата шебер аспаз болған (байқасаңыздар, әлі күнге дейін мейрамханалардағы аға аспаздардың басым бөлігі – еркектер).

Ас пісіруге шебер Адам ата бір күні Хауа анаға:

– Сен ас жасауды үйрен. Мен саған қалай жасау керектігін көрсетейін. Ертең мен аң аулауға кеткенде өзіңе керек болады, – дей бергенде, анамыздың қолдары ренжіпті.

– Ол бізбен қалай ас пісіреді? Баланы жуындырады, оның үлкен және кіші дәретін ұстайды, таза емес қолдарымен тамақты қалай жасайды? – депті.

Сонда Алла Тағала:

– Олай болса, әйел қолдарына алтын, күміс, гауһардан білезік тақсын. Осы үшеуін тақса, істеген тамағы таза болады, – деп жауап беріпті.

Мұны естіген Жебірейіл періште Хауа ананың қолына біреуін алтыннан, біреуін күмістен, біреуін гауһардан – үш білезік тағыпты.

– Бұл әйел бізді әр нәрсеге салып былғайды, – деп реніш білдірген алтын тастың ішіне, гауһар судың ішіне секіріп кетіпті. Жалғыз күміс қолында қалыпты.

Содан бері алтын тастан, гауһар судан шығатын болыпты. Алла Тағаланың құзыретінен аса алмай, адал қызметші ретінде күміс әйелдің білегінде қалыпты. Тамақ істеген кезде күміс тағар болса, тағам таза һәм дәмді болатыны осыдан екен. Содан бері "Алтын бойдағы ауыртпалықты анда-санда алады, күміс Құдайдың құтты күні алады" деген аталы сөз қалған екен.

Жақсылардың жақсысы

Баяғыда бір адам бірнеше бөлмелі жарық, биік, өте әсем үйде тұрыпты. Үйдің айналасы бау-бақша екен. Бір күні оның кішкентай қызы бақшаны, барлық бөлмелерді аралайды. Кірмеген жалғыз ғана бөлме қалыпты. Ол ылғи да жабық тұрады екен.

Сонда әкесіне қызы:

– Әке, маған жабық тұрған бөлмеге кіруге рұқсат етіңіз. Осы бөлме басқа бөлмелерге қарағанда жақсы ғой деп ойлаймын, – дейді.

– Оның дұрыс, қызым! Жақсылардың ең жақсысы сонда. Бірақ сен әлі жассың, өскенде бұл бөлмені саған берем. Сен оған өмір бойы риза боласың, – деп жауап қайтарады әкесі.

Қыз есейіп, бойжеткен атанады. Әкесі қызына жабық бөлменің кілтін береді. Қыз есікті ашқанда, тек ұршық пен кітапты көреді. Қыз әкесіне:

– Әке, сен жабық бөлмеде "жақсылардың жақсысы бар" деген едің. Мен ұршық пен кітаптан басқа ештеңе таппадым, – дейді.

– Міне, жақсылардың жақсысы деген – осылар, қызым! Ұршық болса, өнерің жанады. Ал кітап оқысаң, білімің артады. Жарық дүниеде бұлардан жақсы нәрсе жоқ. Дүниедегі мүліктің бәрі еңбекпен, өнермен, біліммен табылады, – деп түсіндірді әкесі.

Өмір деген...

Өмір деген тұрады: таң мен кештен,
Ғұмырлы екі араны жанмен кешкен.
Құпия, жұмбақ, сырлы дүниеге,
Адамдар Армен келіп, Армен көшкен.
Өмір деген екі өзен: Мұң – қуаныш,
Толқыны: Шындық – Жалған, Күлкі – Намыс.
Бір таяздап өмірде, бір тереңдеп
Бір лайланып, өмірде бір тұнамыз.
Күн десең де, тірлікті түн десең де,
Өмірде өсімдіктей бүрлесеңдер,
Жолында жолығатын қос тағдыр бар:
Жусан – Жантақ, гүл – Тікен, гүл мен Шеңгел.
Өмір дәмі, екі дәм: Ащы – Тәтті,
Таңдайыңа тиеді: Жұмсақ – Қатты.
Жолында жолығатын екі тағдыр,
Күтеді Адам үшін сын сағатты.
Өмір дәмі – екі дәм: улы – усыз,
Тірлік татып жатады шулы – шусыз.
Кез келіп тағдырына келеді Адам,
Жұмыр Жер құрлығында сулы – сусыз.
Қолға түспес дүние жұрт таласқан,
Кітап – Өмір парағын құнттап ашқан.
Сезінер жүрегімен,жаныменен,
Өмір әр кез ашық Күн, Бұлт та басқан.

Адамның ғұмыры

Таңның атысын көзбен көріп, биік таудан түсіп келе жатқан Сүлеймен патшаны етекте күтіп тұрған халқы ортаға алып, неше түрлі сұрақ қояды.

– Уа, патша, сен біз үшін жақсылықтың бұлағысың. Сенің сөздерің жүрекке жылу таратады. Сенің даналығың ақылымызға сәуле құяды. Сені тыңдай бергіміз келеді.

– Айтшы бізге, осы біз кімбіз?

Сүлеймен патша күлімсіреп, былай деген екен:

– Сендер – әлемнің жарығысыңдар. Сендер – жұлдызсыңдар. Сендер – ақиқат ғибадатханасысыңдар. Әрбіріннің бойында ғалам бар. Ақылды жүрекке салып, өз жүректеріннен сұрап, махаббаттарыннан жауап алыңдар. Тәңірдің тілін білгендер асқақ!

– Өмірдің мәні неде?

– Өмір деген даңғыл жол, мақсат және марапат. Өмір деген махаббат биі. Адамның жаратылу мақсаты – гүл ашу. Дүниеге келу – әлемге жасаған ұлы сый. Сендердің өмірлерің ғаламның тарихы. Сондықтан өмір әр сөзден артық. Өмірді мереке деп қабылдаңдар. Өмірдің құны жоқ. Өмір деген бүгін. Ал, бүгіннің маңызы бүгінмен өмір сүруде.

– Неге бақытсыздық қыр соңымыздан қалмайды?

– Не ексең, соны орасың. Бақытсыздық – өздеріннің таңдауың. Кедейлік – адамның ойлап тапқаны. Күйік – надандық жемісі. Айыптау арқылы күш-қуатыңды жоғалтасың. Құмарлықпен бақытты шашып аласыңдар. Оянындар! Жарлы деген өзін білмейтін адам. Жүрегімен Тәңірді таппағандар – панасыздар. Уақытын текке өлтіретіндер кедей болып қалады. Өмірді әуре-сарсаңға айналдырмаңдар. Тобырға жаныңа жара салуға жол берме. Байлық қарғыстарыңа айналмасын.

– Бақытсыздықты қалай жеңеді?

– Өзіңді кінәлама. Өйткені, сен таңғажайып жаратылыссың. Салыстырма, бөлме. Басыңа түскен әр іс үшін алғыс айт. Қуана біл. Қуаныш ғажап нәрселерді жасай алады. Өзіңді жақсы көр. Өйткені, өзін жақсы көрген өзгені де жақсы көре алады. Қауіпті жағдайға бата айту керек. Сонда батыл жүректер қайсарлыққа толады. Қуанышта дұға қыл. Сонда бақытсыздық айналып өтеді. Дұға қыл, бірақ Құдаймен саудаласпа. Мадақтау ең жақсы дұға, ал бақыт жан үшін ең тәтті азық.

– Бақытқа апарар жол қайсы?

– Шын сүйгендер мен риясыз ризашылық білдіретіндер бақытты жандар. Жан тыныштығын тапқан адам бақытты. Жан түкпірінен жұмақты тапқандар бақытты. Қуанышпен сыйлайтындар, қуанышпен сый қабылдай алатындар бақытты. Іздегендер бақытты. Оянғандар бақытты. Тәңірдің дауысын естігендер бақытты. Өз тағдырына адал адам бақытты. Бірлікті түсінгендер бақытты. Құдайды тануға тырысқан адам бақытты. Үйлесіммен өмір сүретіндер бақытты. Әлемнің сұлулығын көре алғандар бақытты. Күнге көзін ашқандар бақытты. Өзендей аға білетіндер бақытты. Бақытты ала білетіндер бақытты. Көреген адам бақытты. Өзін танығандар бақытты. Өзін жақсы көрген жан бақытты. Өмірді мақтағандар бақытты. Өмірді тудырушылар бақытты. Еркін өмір сүретіндер бақытты. Кешіре білетіндер бақытты.

– Берекенің құпиясы неде?

– Адамның өмірі – Құдайдың ең ұлы асылы мен қазынасы. Ал, Құдай – адам жүрегінің асылы. Ішіміздегі байлық сарқылмас қазына. Айналамыздағы молшылық шексіз. Әлемнің байлығы әр адам бай болуға жетерлік. Сондықтан берген сайын бай бола бересің. Бақыт сенің үйіннің табалдырығында тұр. Берекеге есік аш. Қолға түскен әр нәрсені өмір сыйлаған алтын деп қабылда. Жан дүниесінен қазына тапқан адам бақытты.

– Қалай өмір сүру керек?

– Өмірдің әр сәтінен құшырлана дәм тат. Өйткені, дәм татпаған өмір қайғы тудырады. Ішінде не болса, сыртында да сол. Әлемнің қаратүнегі сендік жүректің қаралығынан. Адам – Күннің дәні. Бақыт – Күннің атуы. Құдайды тану – жарыққа сіңісу. Есею – мыңдаған күннің шұғыла шашуы. Жарықты көруге асыққандар биік.

– Үндестікке қалай қол жеткізеді?

– Қарапайым өмір сүр. Ешкімге зиянды тигізбе. Қызғанба. Көреалмаушылықты санаңа жақындатпа. Күдік тазаласын жаныңды. Жайсыздық әкелмесін. Өмірді сұлулыққа арна. Шығармашылық мадақ үшін емес, ғажап үшін екенін түсін. Ет жақыныңа жаның ашық болсын. Өткеніңді тез ұмыт. Тек жақсылықты есте сақта. Әлемге жаңалық әкел. Тәнің сүйіспеншілік бесігі болсын. Сезімнің қуатына айнал. Өйткені, махаббат бәріне рух кіргізеді. Махаббат бар жерде Құдай бар.

– Өмірдің кереметіне қалай қол жеткізеді?

– Бақытты адам айналасына шуақ шашып жүреді. Бақытсыздар құл болып өтеді. Өйткені, бақыт азаттықты сүйеді. Еркіндік бар жерде қуаныш бар. Бақытты болу өнерін меңгер. Дүниеге жүрегіңді аш, сонда дүние де саған құшағын ашады. Қарсыласудан бас тартқан адам өміріне ие болады, – дейді Сүлеймен айналасына мейіріммен қарап, сөзін былай деп жалғастырады, – көп шындықты үнсіздіктен естисіңдер, тек өз жүрегіңе сатқындық жасама. Сонда үйлесіммен өмір сүресің! Өз меніңді сыйлап үйрен!

Облыстық және республикалық олимпиадаларда Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Дарынды балаларға арналған БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ лицей-интернаты" (лицензия № KZ46LAA00009461, 12.06.2017 ж.) КММ-нің оқушылары ең көп орынға ие болуы дәстүрге айналды. Бұл біздің мектепте білім сапасының жоғары деңгейде екендігін көрсетеді.

2018 жылдың қаңтар айында облыстық олимпиада өткізілді, онда дарынды лицей оқушылары 24 жүлделі орынды иеленді.

Қазақ тілі: 1-орын – Юртаев Никита, Фахрутдинов Найль, 2-орын – Болатов Мирас и Лисаков тумасы Юн Дмитрий. Дима облыстық олимпиададан қатарынан екі жыл бірінші орынды иеленді. Ағымдағы жылдың наурыз айында Дмитрий республикалық деңгейде біздің облысымыздың намысын қорғады.

Информатика: 1-орын – Амиров Алдияр, 2-орын – Байгенжин Аскар, Матанцев Максим, 3-орын – Уразов Кайсар, Куанышев Серикжан.

Математика: 1-орын – Махринов Виктор

Физика: 3-орын – Сарыпбеков Мирас

Химия:1-орын – Тұрсұн Қазбек, Жакиев Ерлан, 2-орын – Уразбахтин Варис, Сагандыков Еламан, Бахытбекулы Алиби

География: 3-орын – Мадиев Аскар

Ағылшын тілі: 3-орын – Дуспулов Мадияр

Биология: 1-орын – Рахалиев Адиль, Кушербаев Арман, 3-орын – Садуахас Рахат

Тарих: 2-орын – Карим Аулиехан

Орыс тілі: 3-орын – Абдуллин Алишер

Құқық негіздері: 3-орын – Хасенов Нұрбек

Көптеген жүлдегерлерді дайындағаны үшін оқытушылар Жақенов Абай (информатика) және Серікұлы Нұрбек (химия) марапатталды.

2018 жылы Қостанай мен Атырау қалаларында өткен республикалық олимпиадада лицей оқушылары 2 алтын, 3 күміс және 2 қола медальді жеңіп алды.

Қазақ тілі: 1-орын – Юртаев Никита, Юн Дмитрий.

Информатика: 3-орын – Амиров Алдияр.

Физика: 2-орын – Асылбеков Таирали, 3-орын – Куанышев Эмир

Химия: 2-орын – Тұрсұн Қазбек, Уразбахтин Варис

Сонымен қатар біздің оқушыларымыз Асылбеков Таирали және Қуанышев Эмир республикамыздың физика олимпиада құрамына кірді. 11-сынып оқушысы Қуанышев Эмир халықаралық олимпиаданың қатысушысы.

11-сынып оқушылары Тұрсын Қазбек пен Уразбахтин Варис химия пәні бойынша Бектұров атындағы беделді халықаралық олимпиаданың жүлдегерлері атанды.

Біздің оқушыларымыздың ғылыми жобалары қолданбалы ғылымның әртүрлі салаларында танылуға лайық. Осы жылы 10-сынып оқушылары Кабдрахманов Райымбек және Казмагамбетов Алимжан физикадан халықаралық ғылыми жарыстарға қатысуды жоспарлап отыр.

Облыстық және республикалық олимпиадаларда Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Дарынды балаларға арналған БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ лицей-интернаты" КММ-нің оқытушыларының маңызды мақсаттарының бірі әр оқушының жеке шығармашылық қабілеттерін ашу болып табылады.

Оқыту үш тілде жүргізіледі. Жаратылыстану – математикалық бағытындағы пәндер ағылшын тілінде, гуманитарлық пәндер қазақ және орыс тілдерінде өтеді. Біздің түлектер Қазақстанның, Ресейдің, Қытайдың, Түркияның және Оңтүстік Кореяның үздік университеттерінде оқуын жалғастыруда.

2016-2017 оқу жылының қорытындысы бойынша түлектердің 25%-ы Назарбаев Университетіне (10 адам) түсті.

Салауатты өмір салтына, спортқа бейім, үйлесімді тұлғаны дамытуға көп көңіл бөлінеді. Осы мақсатта қызықты спорттық және мәдени шаралар өткізіледі. Оқудан тыс демалыс бөлмелері бар.

Лицейде оқу тегін. Ата-аналар оқушыға арналған азық-түлік шығындарының 20%-ын төлейді.

Егер сіз балаңыздың (лицей тек қана 6-сыныпты бітірген ер балаларды қабылдайды) лайықты білім алғанын қаласаңыз, өмірде табысты болсын десеңіз, 2018 жылдың 3-28 сәуір аралығына белгіленген тіркеу уақытын жіберіп алмаңыз. Қостанай қаласы бойынша қабылдау емтиханы 29 сәуірде сағат 8:00-де өтеді.

21 сәуірде сағат 8:00-де аудандарда (Алтынсарин, Аманкелді, Әулиекөл, Денисов, Жанкелдин, Жітіқара, Қарабалық, Камысты, Қарасу, Мендіқара, Науырзым, Сарыкөл, Ұзынкөл, Федоров, Арқалық, Лисаков, Рудный) өткізіледі.

Лицейге түсу үшін қажетті құжаттар:
1. Баланың туу туралы куәлігі (көшірмесі);
2. Ата-аналардың өтініші;
3. 3х4 фотосуреті (2 дана).

Мекен-жайы: Қобыланды батыр даңғылы, 31, тел.: 8 (7142) 550411, 551908.

Арнайы салық режимі қандай?

ҚР Ұлттық экономика министрі Тимур Сүлейменов өзін-өзі жұмыспен қамтып жүрген азаматтардың салығы қалай және қандай көлемде төленетінін түсіндірді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

"Бірыңғай жиынтық төлемінің мөлшері қала тұрғындары үшін айына бір айлық есептік көрсеткішті, ал ауыл тұрғындары үшін 0,3 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Төлем құрамына барлық әлеуметтік төлемдер кіреді. Соның ішінде жеке табыс салығы – 10%, міндетті зейнетақы жарнасы – 40%, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына – 10%, медициналық сақтандыру жарнасы – 40%. Шекті табыс мөлшері жылына 100 еселенген жалақының ең төменгі мөлшері, яғни айына – 235 теңге", – деді Т.Сүлейменов Үкіметтің бүгінгі отырысында.

Министрдің айтуынша, бірыңғай жиынтық төлемін аударатындарды есеп беруге міндеттемейді. Тексерістер болмайды, әкімшілік жаза да қолданылмайды.

"Бірыңғай жиынтық төлемі банктер мен терминалдар арқылы "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясының есепшотына аударылады. Мемлекеттік корпорация одан ары тиісті қорларға өзі бөледі. Бірыңғай жиынтық төлемі жеке тұлғаның тіркеу орны бойынша төленеді. Салық кезеңі – бір ай", – деп атап көрсетті Т.Сүлейменов.

Айта кетейік, бүгінгі отырыста ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Мәдина Әбілқасымова арнайы салық режимі – бірыңғай жиынтық төлемінің енгізілетінін мәлімдеді. Оның айтуынша, аталған жүйенің негізгі мақсаты – өзін-өзі жұмыспен қамтып жүрген азаматтарды тіркеу шараларын жеңілдетіп, бейресми жұмыспен қамтылған халықтың қызметін заңдастыру.

Телеарналар мен радиолар жұмысын тоқтатады

Қазақстанда 18 сәуірде радио мен телеарналар жұмысын тоқтатады. Бұл туралы "Қазтелерадио" АҚ баспасөз қызметі хабарлады.

"Қазтелерадио" АҚ теле-радио хабар таратудың жерсеріктік және эфирлік желісіне жоспарлы алдын алу жұмыстарын жүргізеді. Соған байланысты, уақытша қолайсыздық үшін кешірім сұраймыз", – делінеді баспасөз қызметі хабарламасында.

Жөндеу жұмыстары сағат 03.00-ден 17.00-ге дейін жүргізіледі.

ЕСКЕ АЛУ

Еске алу

Ардақты ана, адал жар, жақсы келін, ұлағатты ұстаз, қадірлі әріптес, немереге сүйікті әже бола білген **Башпанаева Халида Қабдрашқызының** кенеттен дүние салуы баршамызға ауыр тиді.

Жолдасы Нығымет екеуі 30 жыл отасқан шақтарында 3 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірді. 46 жасында бұл жалғанмен мәңгі хоштасып, фәниден бақиға аттанып кете барды. Алланың ісіне қолдан келер қайран жоқ.

Бір қуаныш сыйлайтындай таңғы үміт,
Оралардай алаңдаймыз шалдығып
Кір шалмастан кейпің есте қалады
Жарқын бейнең жадымызда мәңгілік

Сағынышпен еске алушылар: енесі – Балқия, жолдасы – Нығымет, балалары, күйеубала, келіндері – Сағынтай-Әлия, Сағыдат-Жансая, Тамирис-Думан, Нарқыз; туыстары, жолдастары, мектеп ұжымы, ауылдастары.

Марқұмның 40 күндік дұғасы 28-сәуір күні Аманкелді ауданы, Құмкешу ауылында өзінің үйінде оқытылады.

"Ким Дмитрий Эверестович" ЖК мүлікті өткізу жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды:

Саудаға шығарылатын мүлік:

Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Борис-Романов с. (елді мекен шегінен сырт жерде) орналасқан, жалпы алаңы – 87,0 га, кадастрлік нөмірі 12-183-055-005, мақсаттық нысаны: шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер теліміне 10.02.2050 жылға дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығы;

Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Борис-Романов с. (елді мекен шегінен сырт жерде) орналасқан, жалпы алаңы – 25,0 га, кадастрлік нөмірі 12-183-055-096, мақсаттық нысаны: шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер теліміне 17.07.2051 жылға дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығы;

Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Борис-Романов с. (елді мекен шегінен сырт жерде) орналасқан, жалпы алаңы – 1,5 га, кадастрлік нөмірі 12-183-055-097, мақсаттық нысаны: шаруа қожалығын жүргізуге арналған жер теліміне 17.07.2051 жылға дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығы.

Бастапқы баға: 1 400 000 (бір миллион төрт жүз мың) теңге;

Кепілдік жарна: қарастырылмаған;

Лот бойынша қадам: 80 000 (сексен мың) теңге – бастапқы бағаның 5 %-ы;

Сенімді тұлға: Кравчук Анастасия Александровна, мекенжайы: Қостанай қ., Зерновая көш., 14. Тел.: 8 707 787 30 60.

Сауданың өтетін орны: ҚР, Қостанай обл., Қостанай ауданы, Борис-Романов с., Молодежная көш., 14 үй, 2 п.

Сауданың өтетін күні мен уақыты: 2018 жылғы 30 сәуір сағ. 11.00.

Сауданы өткізу әдісі: ағылшын (бастапқы бағаны өсіру шартымен).

Сатып алу бағасын төлеу тәртібі мен мерзімі: жеңімпаз мүлікті сатып алу үшін сауда өткізілген сәттен бастап үш күн ішінде төлейді.

Сенімді тұлға Кравчук Анастасия Александровнаның мекенжайы мен байланыс телефоны: Қостанай қ., Зерновая көш., 14. Тел.: 8 707 787 30 60.

ИП "Ким Дмитрий Эверестович" сообщает о проведении торгов по реализации имущества

Имущество, выносимое на торги:

Право временного долгосрочного землепользования на земельный участок сроком до 10.02.2050 г., общей площадью – 87,0 га, кадастровый номер 12-183-055-005, целевое назначение – для ведения крестьянского хозяйства, находящийся по адресу: Костанайская область, Костанайский район, с.Борис-Романовка (за пределами черты населенного пункта;

Право временного долгосрочного землепользования на земельный участок сроком до 17.07.2051 г., общей площадью – 25,0 га, кадастровый номер 12-183-055-096, целевое назначение – для ведения крестьянского хозяйства, находящийся по адресу: Костанайская область, Костанайский район, с.Борис-Романовка (за пределами черты населенного пункта;

Право временного долгосрочного землепользования на земельный участок сроком до 17.07.2051 г., общей площадью – 1,5 га, кадастровый номер 12-183-055-097, целевое назначение – для ведения крестьянского хозяйства, находящийся по адресу: Костанайская область, Костанайский район, с.Борис-Романовка (за пределами черты населенного пункта.

Стартовая цена: 1 400 000 (один миллион четыреста тысяч) тенге;

Гарантийный взнос: не предусмотрен;

Шаг по лоту: 80 000 (восемьдесят тысяч) тенге – 5% от стартовой цены;

Доверенное лицо: Кравчук Анастасия Александровна, адрес: город Костанай, улица Зерновая, 14. Телефон 8 707 787 30 60

Место проведения торгов: по адресу: РК, Костанайская область, Костанайский район, село Борис-Романовка, улица Молодежная, дом 14, кв. 2.

Дата и время проведения торгов: 30 апреля 2018 года в 11 часов 00 минут.

Метод проведения торгов: английский (на условиях повышения стартовой цены).

Порядок и сроки оплаты покупной цены: победитель, для приобретения имущества, оплачивает покупную в течение трех рабочих дней со дня проведения торгов.

Местонахождение и контактный телефон Доверенного лица Кравчук Анастасия Александровна, адрес: город Костанай, улица Зерновая, 14. Телефон 8 707 787 30 60.

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Қостанай облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ балық шаруашылығын жүргізу үшін жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру бойынша конкурс өткізу туралы хабарлайды.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы № 18-04/245 бұйрығымен бекітілген Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу қағидаларын және конкурсқа қатысушыларға қойылатын біліктілік талаптарының, сонымен бірге 2017 жылғы 29 қыркүйектегі № 134 н/қ "Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу тәртібін ұйымдастыру туралы" бұйрығының негізінде өткізіледі. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген жеке және заңды тұлғалар Қостанай қаласы, Гоголь көшесі, 75, каб. № 133 мекенжайы бойынша конкурстық құжаттаманы қолма-қол ала алады, байланыс телефоны 8(7142) 50-24-10 немесе www.kostanay-priroda.kz сайтынан алады.

Конкурстық өтінімдер 2018 жылғы 20 сәуір айынан 2018 жылғы 04 мамырдың аралығында сағат 18.30-ға дейін қабылданады.

Конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу рәсімі 2018 жылғы 11 мамырда, сағат 10.00-де, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 66 (облыс әкімдігінің ғимараты), 4 қабатта (мәжіліс залы) өткізіледі.

Конкурстың қатысушылары немесе олардың өкілдері конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде қатыса алады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата Костанайской области" объявляет о проведении конкурса по закреплению рыбохозяйственных водоемов и (или) участков местного значения для ведения рыбного хозяйства.

Конкурс проводится в соответствии с Правилами проведения конкурса по закреплению охотничьих угодий и рыбохозяйственных водоемов и (или) участков и квалификационных требований, предъявляемых к участникам конкурса", утвержденное Приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан № 18-04/245 от 19 марта 2015 года, а также приказа № 134 о /д от 29 сентября 2017 года "Об организации порядка проведения конкурса по закреплению охотничьих угодий и рыбохозяйственных водоемов и (или) участков". Физические и юридические лица, изъявившие желание принять участие в конкурсе, могут получить конкурсную документацию нарочно по адресу: г. Костанай, улица Гоголя, дом 75, каб. № 133, тел: 8 (7142) 50-24-10 либо скачать на сайте www.kostanay-priroda.kz

Конкурсные заявки принимаются с 20 апреля 2018 года по 04 мая 2018 года до 18.30 часов.

Вскрытие конвертов с конкурсными заявками будет проводиться

11 мая 2018 года, в 10.00 часов по адресу: г. Костанай, проспект Аль-Фараби, 66 (здание областного акимата) 4 этаж (зал заседаний).

Участники Конкурса или их представители вправе присутствовать при вскрытии конвертов с конкурсными заявками.

Поправка

В № 40 газеты "Қостанай таңы" от 06.04.18г. было опубликовано объявление КГУ "Лицей-интернат БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ для одаренных детей. Вносим поправку в данное объявление: КГУ "Лицей-интернат БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ для одаренных детей" № лицензии KZ46LAA00009461 от 12 июня 2017года.

ДІНІҢ – ДІҢГЕГІҢ

Имандылық – ізгілік негізі

Саналы ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі қоғамның басты талабы. Дана халқымыз тәрбиелілікті басты назарда ұстаған. Егер оқушылар мектептен білім нәрін алса, оған қоса рухани ілімді де бойына сіңіріп өссе, болашақта өнегелі де үлгілі ұрпақ тәрбиеленіп шығатыны ақиқат.

Мәскелеу ауылындағы Айша ана мешітінің имамы О.Қалмағанбетов ондаған жылдардан бері елде имандылықтың дәнін сеуіп, ұйытып отыр. Ораз Қонысбайұлы жазғы демалыстарда елді мекендерден діни сауат ашамын деген балаларды жинап, дәріс береді. Мешіт шәкірттері ауылда өтетін барлық имандылық іс-шараларға белсенді ат салысады. Ара-гідік ауданда өтетін діни мерекелерге де қатысып тұрады. Ораз имамның шәкірттері дініміздің негізгі құндылықтары мен Ислам ишараттарын жақсы меңгеріп алған.

– Балалардың жүрегіне иман орнату, Аллатағалаға құштарлығы мен құлшылығын ерте жастан ояту жөн деп есептеймін. Балалар мешітке өз ықылас-ниетімен келеді, олардың қасиетті Құранға деген ықыласы ерекше. Бір-бірімен жарысып үйреніп алады. Қиналып жатырмыз деген сөздерін естімедім. Керісінше, зейіні артып, Құранды түп нұсқасынан үйреніп жатыр. Шәкірттерімнің басым бөлігі мектеп оқушылары болғандықтан, мектептен тыс уақытта келіп дәріс алып тұрды. Мешітке келіп таза рухани Ислам дінін пір тұтқан балалар, әлбетте, дұрыс жолдан адаспайды. Жұма сайын дастарқан басына жиналып шай ішеміз, шахмат ойнаймыз. Талғат Құрманғали деген шәкіртім намаздан кейін өз жүрегінен шығарып бата береді. Балалар, Алла бұйыртса, бірер күнде он сүрені жаттап аяқтайды, – деді О.Қалмағанбетов.

Жақында Ораз Қонысбайұлы кезекті демалысын пайдалана отырып шәкірттері – Жасұлан Ашуханов (ЖШС малшысы), мектеп оқушылары Талғат Құрманғали, ағайынды Қуаныш пен Досымжан Мырзабек, Рахат Ибраевтармен Әмит ишан мешітіне арнайы келді. Мақсаты – мешітті көрсету, имамдардың уағызын тыңдату. Бұл қазіргі шәкірттердің алғаш рет үлкен мешітке аяқ басуы.

Талабалар наиб имам Арман қажы Ахметжановтың мешіттің құлшылық жасайтын орын екенін, бұл жерге келудегі басты мақсат – Аллаға құлшылық ету, парыз етілген үкімдерді орындау және Алла үйіне кірудің, онда отырудың, шығудың өзіндік тәртіптері мен әдептері туралы тағылымды уағызын тыңдады. Қажы өз сөзінде мектептегі білімге қоса, адамға рухани да ілім керек екенін, ондай рухани байлықты беретін бірден-бір орта – мешіт екенін атап өтті. Хакім Абай: "Баламды медресеге біл деп бердім, қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім…" демеп пе еді?! Мұсылман болу парыз, имам болу парыз емес, өйткені Ислам діні адамды жақсылыққа, имандылыққа тәрбиелейді. Бойына Құранды сіңіріп өскен, шариғаттың жолымен жүрген бала жаман нәрселерге үйір болмайды, ержеткенде арақ ішпейді, шылым шекпейді, оған дәлелдері жетерлік екенін тілге тиек етті. Одан әрі наиб имам мешітте неке қию, балаға ат қою сияқты көптеген діни рәсімдер орындалатынын айтып өтіп, мешіт ішін аралатты. Балалар да наиб имамның ұлағатты сөзінен көп тағылым алып, жүздері шат, қуанышты көңіл-күймен ауылдарына үлкен әсер алып қайтты.

Имандылық – ізгілік негізі десек, иманды ұрпақ болған жерде, еліміздің болашағы да жарқын болатыны анық.

Жұмақүл ХАКІМЖАНОВА.
Әулиекөл ауданы.

ҚАСИЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Мәліметтер жинақталды

Л.Н.Толстой атындағы әмбебап ғылыми кітапхананың ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі "Қостанай облысының киелі жерлері мен нысандары" атты библио-картасын дайындап шығарды.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласында халықтың санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру бағытында "Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары" немесе "Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы" жобасын іске асыруға ерекше көңіл бөлді.

Облыс аумағында көне мәдениеттің белгілері сақталған тарихи нысандар баршылық.

Қостанай облысының "Сакралды Қазақстан" картасына енген киелі орындары да біршама. Олардың әрқайсысына назар бөліп, кітапхана оқырмандары мен қашықтағы пайдаланушыларға тарихи нысандар туралы қысқаша мәлімет беру және облыстық кітапхана қорында бар әдебиеттерді ұсыну мақсатымен библиографиялық құрал дайындалып отыр.

Басылымды дайындау барысында Л.Н.Толстой ат. ОӘҒК қоры, интернет-ресурстан алынған материалдар пайдаланылды.

Библиографиялық құрал жалпы оқырман қауымға арналған.

Библио-карта қазақ және орыс тілдерінде әзірленген.

Басылым материалдарын кітапхана сайтынан www.kstounb.-kz алуға болады.

Ботагөз МҰҚАТАЙҚЫЗЫ,
ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі.

ЖАЗЫЛҒАННЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

"Иә, солаймыз..."

"Қостанай таңы" газетіміздің 9 ақпан күнгі №16 санында Бас редактор Жанұзақ Аязбеков ініміздің "Әлі солаймыз ба?" деген мақаласына орай менде өз ойымды ортаға салмақшымын.

Жасыра алмаймыз: солаймыз, өйткені біз жетім баладай өз жеріміздe, өз елімізде жүріп-ақ, жалтақ болып, жәудіреп қалыптасқан ұрпақпыз. Орыс тілін білмегендіктен қанша қазақ жастары жапа шекті. Соның бірі мен, ол туралы талай жазғанмын, енді бықсыта берудің қажеті жоқ. Қоламта шоққа жан бітіп, қайта маздар болса менің де жолым онша болмас, қайтадан ұлтшыл болып, соттасып кетуім ғажап емес. Өйткені менің орыс тілді өз қазағым, өзімді жазғыруы да әбден ықтимал. Жә, мен өзім туралы емес, Жанұзақ ініміздің осы мақаласында келтірген үш мысалы туралы ой қозғамақпын.

Бірінші мысал, қазақтың бір туар ұлы Бауыржан Момышұлына Сахарованың Бауыржан неге қазақша жазасың, сенің тілің кедей тіл, халыққа жеткізе айтуға шамасы келмейтін тіл деуі – Баукеңді мұқатуы емес пе? Сол кездегі халық комиссары бірінші орынбасарының, қоқан-лоқысын көрсетуі емес деп кім айтар. Баукең оған түсіндірген, ол әйдік басшы, түсінгісі келмей тұрғаны айдан анық. Мұнысы барып тұрған басынғандық емес деп көріңізші?!

Екінші мысал, Дінмұхамед Қонаевтың Қостанай облыстық партияның бірінші хатшысы Бородинге қойған сұрағына ол, қазақ ақылды халық бірақ, дастарқан басында ұзақ отырады, сонда өкімет жұмысын кім істейді, сондықтан ауданның бірінші хатшылығына қазақ азаматын жібере алмаймын деп кесіп айтады. Ендеше халық батыры Бауыржанға мойынұсынбаған, Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы Дінмұхаммед Қонаевты мойындамаған орыс халқының басшылық тізгін ұстаған өкілдері осындай пиғылда болса, жай қазақтарды мойындамағаны анық.

Ал, Жанұзақтың үшінші мысалы, бір мекеменің белді қызметкері өзінің қазақ орынбасарын босатып, орынына орыстан қойдым деп күпінуі, нені көрсетеді? Бұл жақын арада қазақ болаамалы ма, жоқ па деген сауал қойғызып отыр. Мен әңгіменің басында айтып кеткендей ес білген кішкентайымнан бергі 25 жыл бойы жетім бала сияқты жалтақ болып өстік, қалыптастық. Оған сол заманғы жүйе де, өзіміздің орыс тілді қазақтарымыз да кінәлі.

Сондықтан да, Жанұзақ інім "Әлі солаймыз ба?" деген сауалыңа мен өз басым "иә, солаймыз" деп тұжырымды жауап беремін.

Ал, жаңа ұрпақтың санасы азат болатынына сенемін.

Жолдыбай ШӘКІРҰЛЫ,
зейнеткер.

Қостанай қаласы.

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

Ризалығымызды айтамыз

Мен кешегі қанды соғысты бастан кешкен адаммын. Бейбіт күндері де елім мен халқым үшін аянбай еңбек еттім. Тәуелсіздіктің арқасында кешегі Кеңес Одағы кезінде құбыжық етіп көрсетілген дініміз арамызға қайта оралды. Ең риза болатыным, қазіргі таңда барлық мешіттерде діни сауатты, адамгершілігі мол, қайырымдылық қасиеттері жоғары қазақ жігіттері жұмыс істеп жатыр. "Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын" дейді. Бахытбек Нұрғабылұлы облыстық мешітке бас имамы болып тағайындалғанына аса көп уақыт өтпесе де білікті азамат екенін көрсетті. Өңірді түгел аралап, жергілікті имамдардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жақсартуға ұмтылды. Сондай-ақ, көптеген иманды істерге мұрындық болуда.

Жуырда ғана облыстық мешітте облыстық Ардагерлер кеңесімен бірлескен "Салт- дәстүр және діни рәсім" атты мәслихат болып өтті. Онда кезінде ысырапшылдыққа жол бермеу мақсатында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының "Жаназа және жерлеу рәсімдері" деп аталатын кітапты басшылыққа ала отырып, арнайы шешім қабылданды. Бұл бірлескен шешім баспасөз беттерінде жарияланды. Міне осы секілді тағылымды іс-шаралар алдағы уақытта өңіріміздің түкпір-түкпірінде жалғасын тауып жатса нұр үстіне нұр.

Сайып келгенде, ұзынкөлдік ақсақалдар облыс имамы Бақытбек қажының атқарып жүрген өнегелі істеріне ризашылығымызды білдіреміз.

Ұзынкөл ауданы ақсақалдары атынан
Әнуар Мырзағалиұлы,
Ұлы Отан соғысының ардагері.

Меншік иесі:
"Қостанай таңы" газеті редакциясы" ЖШС
Директор-Бас редактор Жанұзақ АЯЗБЕКОВ
Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69
Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44
Жауапты хатшы: 54-67-65
Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42
Бөлімдер:
Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22

Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректура: 54-34-49
Меншікті тілшілер:
Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Сарыкөлде: 2-25-17
Редакцияның мекенжайы: 110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90
Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Ⓐ – ақылы жарияланым.
Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде 28.04.2016 жылы тіркеліп, № 15979-Г куәлігі берілген.
Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Костанайполиграфия" ЖШС баспаханасы.
Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.
Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 10016. Тапсырыс 698. Нөмірдің кезекші редакторы Әлібек ЫБЫРАЙ.

100 80 60 40
Синий
Красный
Желтый
Черный